

ҰЛТ ТАҒДЫРЫ

ӘЛІ ДЕ КӨЗІ ҺӘМ ҚҰЛАҒЫ



Газет-журнал оқысаң,
Көзіңді, қазақ, ашасың.
Дүние халін білмесең,
Ілгері қалай басасың?

Кеміткен жсауыз надандық,
Надандықтан безелік!
Осыдан бір ғасырдан астам
уақыт бұрын Міржақып Дулатов
халықты осылай мерзімді баспасөзді
қолдауға, оқуға, көкірегі ояу болып,
надандықтан аулақ жүруге шақырып
еді. Ол ғана емес, Алаш алыптарының
барлығы сауатты елдің ешкімге
есесін жібермейтінін жете түсінген.
М.Дулатов өленіндегі «Халыққа
шашып жемісін» дейтін «Айкап»
журналы, сондай-ақ «Қазақ»,
«Ақ жол», «Ұшқын» (бүгінгі «Егемен
Қазақстан»), «Өртен» (бүгінгі «Жас
Алаш») сияқты газеттердің мақсат-
мұраты біреу-тұғын: жұртты ағарту,
ілім-білімге жетелеу. Ұраны да анық:
оқыған — жарық, оқымаған — ғаріп.
Арада жүз жыл өтсе де баспасөздің
міндеті мен миссиясы өзгермеді.
Қатары селдірей бастаған газет-
журнал ел мен ұлттың жоғын
жоктайды, мемлекеттің мүддесін
көксейді. Кешегі Ұлт зиялысы секілді
бүгінгі тілші де мамандығының
машаһатына шыдап күресе білген,
қиындық-тауқыметке мойымай тіресе
білген нағыз қайраткер! Бұқаралық
ақпарат құралдары қызметкерлерінің
мерекесінде осылай десек жарасар.

(Жалғасы 3-бетте)

ЭКОЛОГИЯ

АТЫРАУДА СОЗЫЛМАЛЫ АУРУ КӨБЕЙДІ

Қазақстанның мұнайлы
астанасы саналатын Атыраудың
асты кенге толы болса, жер
үстінде шешімі табылмай жатқан
түйін көп. Әсіресе, экологиялық
жағдайы сын көтермейді. Соңғы
алты айда Атырау атырабында
созылмалы аурулардың саны
артқан.

Мұны Атырау облысының
санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау департаменті басшысының
орынбасары Әлия Бекешова Атырау
қаласы ауасының экологиялық ахуалына
арналған брифингте мәлім етті.
«Өнеркәсіптік мекемелер қызметінің
Атырау қаласының тұрғындарына
тигізетін кері әсері» тақырыбында
өткен жиында маман атмосфералық ауаның санитарлық-
гигиеналық жағдайына тоқталды. Оның айтуынша, соңғы бес
айдың қорытындысында санитарлық-гигиеналық зертхана
қызметкерлері селитебті аймақтан 24 ингредиентке 4027
сынама алыныпты. Тексеру нәтижесінде Атырау қаласы



бойынша 7 сынамадан (0,2%) зиянды заттардың мөлшері
нормадан асып кеткендігі байқалды. Атап айтқанда, керосин
— 4, бензин — 1, күкірт диоксиді 2 сынамаға шектеулі рұқсат
етілген концентрациясынан (ШРЕК) жоғары көрсеткішті
көрсеткен.

(Жалғасы 5-бетте)

БІЗДІҢ СҰХБАТ

Жазушы Смағұл Елубай біраз бұрын «Жұлдыз»
журналында қаламын қару еткен әріптес,
тұстас, замандастарына ұран тастап, балалар
әдебиетінің астауын оқылымды шығармалармен
толтыру жөнінде бастама көтерген болатын. Биыл
да Балалар жылы, балауса балғын балдырғандар
жылының да жартысы аяқталды. Біз қарымды
қаламгерге балалар әдебиетіне қатысты
сауалымызды жолдап, өзі көтерген бастаманың
жайын, қоғамның бүгінгі беталысын сұрап,
әңгімеге тарттық.

Смағұл ЕЛУБАЙ, жазушы:

БАЛА ТӘРБИЕСІН УЫСТАН ШЫҒАРЫП АЛСАҚ, ЕРТЕҢІМІЗ БҰЛЫҢҒЫР БОЛАДЫ



Jas qazaq: Аға, биыл да Балалар жылы болып
жарияланғаны белгілі. «Туған ай — тураған ет» деп тегін
айтылған ба, бұл жылыңыз да орталанып қалды. Сіз
ертеректе ұран тастап, балалар әдебиетін нығайтуға, бүгінгі
жас өскіндерді тәрбиелеуге үлес қосуға үндеп, бастама
көтеріп едіңіз. Сол турасында тарката айтып берсеңіз.

Смағұл Елубай: Ең алдымен, сіздердің кәсіби
мерекелеріңіз — Бұқаралық ақпарат құралдарының күні
құтты болсын. Бүгінгі қоғамда қазақ тілінің жанашыры,
қазақ тілінің насихатшысы журналистер деп білемін.
Ал енді журналист қауым қазақ тіліне, ана тілімізге
опасыздық жасаса, біздің күніміз бітті дей беріңіз. Күн
сайын мындаған ақпарат, жылт еткен жаңалық жарияға
тарайды. Біз де журналистика факультетінің түлегіміз,
еңбек жолымыз журналистикадан басталған. Өзімнің
қазіргі әріптестерімнің кейбір оғаш әрекеттеріне іштей
күйінемін. Ол қандай дейсіз ғой. Әсіресе, телеарнадағы
бағдарлама, ток-шоу бар, телеөнімдердің кейбірінде
қойылған тақырып, атауларының жартысы ағылшынша
жазылады. Осы не сорым енді? Ағылшын сөзінде жазуға
өбден әуестігіміз артып барады. Қазақ тілді журналистін
бе, ағылшын сөзіне, ынтаң ауып, өз тілінді ысырып,
ағылшынша ребранс жасауға ұмтылуға болмайды. «Жата
алмай жатсам бүргеден, қандала кірді іргеден» дегеннің
кері қазіргі тірлігіміз. Өзге тілге еліктеп, өз ана тілімізді
сорлатып алмайық дегім келеді.

Тілге қатысты болған соң айтып отырмын, оңтүстіктегі
Түркістан қаласы да жанарып, жайнап келеді. Облыс
орталығы, қазақ руханияты мен мәдениетінің алтын
қақпасы саналатын қалада салынған зәулім үйге «Яссауи
тауэрс» деп ат қойып, айдар тағыпты. Тауэрсін кімге дәрі,
«Яссауи мұнарасы» деп атауға болмас па? Түркістандағы
облыстық ғылыми әмбебап кітапхана атауы — «Faqab
Library». Айналайын-ау, сол кітапхана бір ағылшын кіріп
көрді ме екен, тізімін берсін, қане! Жағымпаздандудың,
жарамсактанудың қажеті қанша? Ақсақал, үлкендеріміз деп
арқа тұтатындар кейінде телеарнаның эфирінде отырып
алып ойын орысша жеткізуге, осылай көстендеуге ынтық.
Күлкілі ме, күлкілі. Ұрпақтың алдында қазақ тілі керексіз
екенін осылай айғақтауға ұмтылады. Қазақ тілі керек деп
қанша жерден шырылдағанымызбен де, қалалық жердегі
балалардың тілін қазақша шығару мұң болып барады.

(Жалғасы 3-бетте)

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА 150 ЖЫЛ

МЕРЕЙТОЙЛЫҚ ПОШТА МАРКАСЫ



Ұлт ұстазы, тіл білімі
ғылымының атасы,
реформатор, түркі жұртына
ортақ ұлы тұлға Ахмет
Байтұрсынұлының 150
жылдығына арналған
мерейтойлық пошта маркасы
әзірленді.

Бұл пошта маркасы
цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрлігінің бұйрығымен 2022
жылғы 3 маусымнан 2 000 000
(2 миллион) дана мөлшерінде
басып шығарылып, айналымға
енгізілді.



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)
115,91

DOLLAR
467

EURO
493

РУБЛЬ
7,7



JAS QAZAQ
ГАЗЕТІНІҢ
TELEGRAM-
КАНАЛЫНА
ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

САММИТ

«Ақтау тарихи саммитінен бері төрт жыл өтті. Осы уақыт ішінде әлем түбегейлі өзгерістерді бастан өткерді. Коронавирус пандемиясы, геосаяси шиеленістің күшеюі және басқа да сын-қатерлер Каспий аймағындағы тұрақтылық пен орнықты дамуды қамтамасыз ету үшін күш жұмылдырудың аса маңызды екенін талап етіп отыр». Түрікменстан астанасы Ашхабадта өткен Алтыншы Каспий саммитінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев осылай деп атап көрсетті.

мәселеге қатысты өзара тиімді шешімдерді іздеу жөнінде ауқымды жұмыстар жүргізіліп келеді. Бұл мәселелер тікелей ұлттық мүддеге байланысты болғандықтан, тараптардың ұстанымдарына түсіністікпен қараймыз. Біз көздеген мақсатымызға қол жеткізу үшін бар күшімізді салуға дайынбыз», — деді Президент. Дәстүрлі логистикалық желілердің үзілуі жағдайында өзара көлік қатынасы мемлекеттер арасындағы экономикалық байланыстардың орнықты дамуының және нығаюының маңызды факторына айналады. Еуропа, Орталық Азия және Қытай арасындағы транзиттік қатынастар легін қамтамасыз ету үшін Транскаспий халықаралық көлік бағытының рөлі

сауда-саттықты күшейту үшін заманауи логистикалық инфрақұрылымды дәйекті түрде дамыту қажет. Сондықтан Каспий маңы азық-түлік хабын құруды ұсынамыз. Бұл шығынды барынша азайта отырып, өзара тауар айналымын арттыруға мүмкіндік береді», — деді Президент. Елімізде азық-түлік тауарларын қаттау, сақтау және сату бойынша технологиялық тұрғыдан дамыған жүйесі бар заманауи көтерме-тарату орталықтарының құрылысы басталды. Бұл орталықтар мен Каспий маңы азық-түлік хабы арасындағы жүйелі интеграция шаруалардың, сатып алушылардың, тасымалдаушылардың, сатушылар мен тұтынушылардың тиімді

Әлеумет.т⁰

ПИРАМИДАЛАР ҚҰЛАЙ МА?

Қаржы пирамидаларын жарнамалағандар қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Осы аптада Сенат қаржы пирамидасының қызметін қатаңдататын өзгертулері бар заң жобасын қабылдады. Біреудің жиған-терген ақшасын алдап алуға әрекеттенгендер жеті жылға дейін темір торға қамалуы мүмкін. Сенатор Андрей Лукин: «Жаңа құжат қаржы пирамидаларын ұйымдастырудың алдын алып, оларды жарнамалауға ниеттілерге тосқауыл қояды. Қаржы пирамидалары келтірген залалдың өсуін ескере отырып, жазаны қатаңдату қаржы пирамидаларын жарнамалау үшін қылмыстық жауапкершілікті енгізу өз нәтижесін беруі тиіс», — деді.

Расымен де, соңғы кездері оңай олжаға кенелемін деп, қаржы пирамидасының құрығына түсіп жатқандар саны еселеп өскен. Аңқау елді блогерлер де тез баюға шақырып жүр. Қаржы мониторингі агенттігі Қазақстанда 38 қаржы пирамидасын анықтап, оның 31-нің жұмысына тосқауыл қойған. Бұл ұйымдарға 2800-дей адам алты жарым миллиард теңгесін салып жіберіпті. Жалпы дерек бойынша, елімізде 17 мың адам алаяқтарға сеніп, 27 млрд теңгесінен айрылған. Сенаторлар түзеткен жаңа заң бойынша, пирамидаларға қаржы салуға халықты үгіттеп, жарнамалағандар қылмыстық жауапкершілікке тартылмақ. Жазасын айыппұл түрінде немесе қоғамдық жұмыстар істеп өтей алады. Мұның барлығы қылмыстың ауырлығына қарай белгіленеді. Қаржы пирамидасын құрып, оған жетекшілік еткендерге 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы бекуі мүмкін.

Ал бүгінде Ақтөбеде қаржы пирамидасынан зардап шеккендер сот процесінің барысына көңілі толмай отыр. Өйткені олар «қаржы пирамидасын құрды» деген күдікке іліккен 31 сотталушының не үшін үй қамаққа жібергенін білмей дал. Тергеу барысында оларға 30 млрд теңгеден астам ақшаны алдап алды деген айып тағылған еді. Енді жәбірленушілер «тағы да тақырға отырып қаламыз ба» деп қауіптенуде. Төрт бірдей қаржы ұйымын құрып, 17 мыңнан аса адамды сан соқтырып кеткендердің ісі әдеттегідей сот ғимаратында өтіп жатқан жоқ. Бұрынғы қоныс колониясының үлкен залын осы процесс үшін әзірлеген. Себебі 48 сотталушы мен жәбірленушілерді соттын шағын бөлмесіне сыйдыру мүмкін емес. Адвокаттардың өзі алпыстан асады. Жұртты алдап ақшасын қакқан төрт пирамида — «Грант24 ломбард», «Эстейт Ломбард», «Нұр-Әли капитал», «Выгодный займ» ұйымдары бір-бірімен байланысты. Сотта да бірге қаралап жатыр. Жақында қамауда отырған 31 сотталушыны судья үй қамаққа жіберген. Мұны естіген жәбірленушілер, ақшадан қағылып қана қоймай, алдап кеткендер енді жазасыз қала ма деп қорқалы.

Қаржы пирамидасына алданған Евгения Гановская былай дейді:

«Жәбірленушілердің арасындағы белсенділері қазір қорқып жүрміз. Сотталушылар үй қамаққа жіберілген соң, өмірімізге қауіп төндірмей ме деп. Олардың ақшасы көп екені белгілі. Қамаудан шыққан соң кез келген жәбірленушіге қысым көрсете алады ғой».

Алайда соттағылар болса, қамаудан босатылғандардан қорқып, күдіктенудің қажеті жоқ деп сендіреді. Олар үй қамаққа шыққанымен, жүріп-тұруынан бастап, біраз шектеу қойылған екен.

Ақтөбе облыстық сотының баспасөз хатшысы Гүлжанар Отарбаева:

«Күзетпен ұстаудың 12 айлық мерзімі өткеннен кейін сот сотталушыға бұлтартпау шарасын үй қамаққа алу немесе өзге де бұлтартпау шарасы ретінде өзгертуі тиіс. Осыған байланысты сот қаулысымен 31 сотталушыға қатысты күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасы қылмыстық істің мәні бойынша қарағанда дейін үй қамақ түріндегі бұлтартпау шарасына өзгертілді», — деді.

Қаржы пирамидасын құрып, мол табысқа кенелді деп күдікке іліккендердің көбі өзге аймақтың тұрғындары. Сондықтан үй қамаққа шыққан сол сотталушыларға Ақтөбе қаласының әкімдігі уақытша тұратын баспана берген. «Ол үй күні-түні күзетте болады. Сондықтан күдіктілер ешқайда аттап баса алмайды», — дейді жауаптылар. Осы аты-шулы сот процесі бір ай көлемінде аяқталып, 17 мың салымшыны сан соқтырып кеткендерге қатысты шешім шығуы керек.

Диас НҰРАҚЫН



Бұдан төрт жыл бұрын Ақтауда өткен Бесінші Каспий саммитінде бес мемлекет (Әзірбайжан, Иран, Қазақстан, Ресей, Түрікменстан) көшбасшылары бәтуаластық және барлық тараптардың мүдделерін өзара есепке алу негізінде тұжырымдалған базалық халықаралық шартқа — Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға қол қойған болатын. Бұл құжат Каспий жағалауындағы елдердің өзара іс-қимылын одан әрі дамытуға бағытталған Каспий теңізінің жаңа құқықтық режимін құрды.

Биыл Ашхабадта өткен Алтыншы Каспий саммитінде бес мемлекеттің Президенттері достық пен сенім жағдайында Каспийдегі бесжақты ынтымақтастықтың маңызды мәселелерін, сондай-ақ өзара мүдде тұрғысынан өзекті халықаралық және өңірлік проблемаларды талқылады.

Басқосуда сөз сөйлеген Мемлекет басшысы қонақжайлық көрсеткені және саммитті жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін Сердар Бердімұхамедовке ризашылығын білдіре отырып, осы маңызды кездесудің офлайн өткізілуі дер кезінде және дұрыс болғанын жеткізді. «Бұрын-соңды болмаған «жаһандық дауыл» жағдайында Каспий теңізінің геосаяси тұрғыдан орналасуына, бай табиғи ресурстарына, сондай-ақ онтайлы транзиттік әлеуетіне байланысты оның маңызы арта түседі», — деген Қасым-Жомарт Тоқаев Каспий — пайдалы ресурстардың мол қоры ғана емес, сондай-ақ шексіз мүмкіндіктерге жол ашатын теңіз екенін атап көрсетті. «Біздің бүгінгі басты міндетіміз — Конвенцияның тезірек күшіне енуін қамтамасыз ету. Төрт жыл бойы осы

айтарлықтай артты. Биылғы бес айдың қорытындысы бойынша аталған бағыттағы отандық жүк тасымалының көлемі 2,5 есе өсті. Ал Каспий маңы елдерімен арадағы жалпы тауар айналымы 9 пайыздан астам артты. «Теңіз арқылы өтетін жүк легінің көлемін ұлғайту мақсатымен оның аймақтарындағы инфрақұрылымды жаңғыртуға және теңіз флотын кеңейтуге кірістік. Біз ұйымдастыруға қатысты өзекті мәселелерді бірлесіп, жедел шешуіміз керек. Бұл өзара тиімді әрі бірзіділендірілген тарифтерді уақытылы бекітуге, түйткілді мәселелерді реттеуге қатысты. Сонымен қатар Солтүстік — Оңтүстік дәлізін одан әрі дамыту мәселесіне де ерекше көңіл бөлу керек. Ол үшін Шығыс Азия мен Парсы шығанағы елдері арасындағы ең қысқа бағыт саналатын «Қазақстан — Түрікменстан — Иран» теміржолының мүмкіндігін барынша пайдалануға болады, — деді Мемлекет басшысы. Бұдан кейін ол аймақтағы азық-түлік қауіпсіздігін күшейту мәселесіне тоқталды. Өткен жылы еліміздің Каспий маңы елдерімен арадағы өзара азық-түлік саудасының көлемі шамамен 3,5 млрд доллар болды. Оның 70 пайызы Ресеймен құрылықтағы бағыт бойынша жүзеге асырылды.

«Қазақстанның Әзірбайжанмен арадағы тауар айналымы 2,3 есе, Иранмен және Түрікменстанмен 2 есе артқаны байқалады. Бұл жерде біздің жоғары сапалы бидай (шамамен 5 миллион тоннадан астам) мен ұн (1,5 миллион тоннаға жуық) экспортының үлесі зор. Бір миллион тоннадан астам майлы дақылдар шығаруға қорымыз бар. Ет-сүт өнімдерінің экспортын арттыру үшін Қазақстанның әлеуеті мол. Өзара

табиғи катаклизмдердің үлкен қаупі барын ескерген жөн. Сондықтан апат салдарының алдын алуын және оларды жоюдың аймақтық механизмін, төтенше жағдай кезінде өзара көмек көрсету жүйесін дамыту маңызды», — деді Президент.

Мемлекет басшысы тығыз мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты дамыту және «Каспий бестігінің» талдау құрылымының консорциумын қалыптастыру қажет екенін айтып, Каспий маңы мемлекеттерінің сыртқы істер министрлері кеңесінің жыл сайынғы отырысын өткізу жөніндегі Владимир Путиннің ұсынысын қолдады.

«Каспий бойынша ынтымақтастықты одан әрі жан-жақты тереңдетуге қатысты бүгінгі айтылған бастамалар сапалы әрі уақытылы орындалатынына сенімдімін. Қазақстан баршамызға ортақ және ата-бабаларымыздан мирас болып қалған берекелі карт Каспийдің қашанда достықтың, тату көршілік пен өзара тиімді ынтымақтастықтың теңізі болып қалуына мүдделі. Халықтарымыз бен мемлекеттеріміздің гүлденуі және ілгерілеуі үшін өзара ерік-жігер таныта отырып, баршамыз осы ізгі мақсатқа қол жеткізетінімізге сенімдімін», — деді Мемлекет басшысы.

Алтыншы Каспий саммитінде Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Әзірбайжан Президенті Ильхам Әлиев, Иран Президенті Ибрахим Раиси, Ресей Президенті Владимир Путин сөз сөйледі.

Талап ТІЛЕГЕН

1+2

Ералы ТОҒЖАНОВ,
Премьер-Министрдің орынбасары:



«Зейнет жасын төмендетуге қатысты Үкіметте жұмыс тобы құрылды. Бүгінде бізге түскен барлық ұсыныстар ішінде зейнет жасын төмендету, әлеуметтік кодекске өзгерту енгізу мәселелері бар. Аталған мәселе бойынша жұмыс тобын құрып, талқылап жатырмыз».

Ерұлан ЖАМАУБАЕВ,
Премьер-Министрдің орынбасары – қаржы министрі:



«Мен еңбек министрінің не айтқанын білмеймін, бірақ өлі талқаналған жоқ. Егер мәселе қаралатын болса, өз ойымды айтамын. Қазір пікір айта алмаймын. Бәрімізге ортақ заң бар. Оның бәрін есептеу қажет».

Тамара ДҮЙСЕНОВА,
еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі:



«Барлық есепті жұмыс тобына өткіздік, енді екінші кезеңге шығып жатырмыз. Бюджетті қорғағанда жұмыс тобында ең алдымен вице-министрлер жұмыс істейді, менің де вице-министрім сол топқа барып жүр. Кейінгі топта бұл мәселе министрлер деңгейінде талқыланады. Сондықтан, қазір жұмыс тобында барлық министрлік өкілдері жұмыс істеп жатыр. Ал қаржы министрінің оны білу-білмеуінен менің хабарым жоқ».

Аптаңың айтары

Бақытбек СМАҒҰЛ,
Мәжіліс депутаты:



Қазақстанның Қарулы Күштері қанша ақталса да, қоғамда мұндай ұяты жағдайды қалыптастыруға болмайды. Әскери комиссариаттардың шақыру қағазы болсын, алдын ала таратсын, адамдарды көшеден ұстап, емтихан тапсырғандарды сүйреп алу — ұят нәрсе. Әскерге сол адамдардың қызығушылығын, құштарлығын оятуымыз керек. Отанға деген сүйіспеншілікті сылдыр сезбен емес, мөлдір сезіммен, жүрек көзімен көретіндей жастарға насихаттауымыз керек».

Біздің сұхбат

(Басы 1-бетте)

Сұрағыңызға ойысып отырмын. Қалалық жердегі аула балаларының ойын тілі орысша шығып жатыр. Бұл тіпті күш бермеуге айналды. Мың жерден ауыздықтай алмайсың. Не істемек керек? Аға буынды әдебиетпен тәрбиелеу маңызды емес. Еліміздің болашағын, келешек ұрпағымызды ана тілімізде сусындату жөнінде жазушы замандастарымызға ұран тастап едім.

Бердібек Сокпакбаев, Сайын Мұратбеков бастаған қазақ әдебиетінің кара нарларынан қалған әдеби шығармалардың өміршендігі сұрапыл. Қаншама буынды тәрбиеледі, әлі де оқылмды. Осындай дәреже-ленгейдегі шығармаларды неге жазып насихаттамасқа, жас ұрпақтың санасына сіңірмеске. Балаларға арналған тұшымды, сүйекті шығармалар жинағын шырақ алып іздейтін жағдайға жеттік. Осыны ойлай отырып, өзімізден бастайық деп шештік. Қалам ұстаған қазақпыз, балаларға арналған кітап жазу бағытында «Балалық шақ баяны» деген әңгімелер жинағын шығардық. Бұл әңгімелердің желісі біздің балалық шағымызды қамтыды. Қарақалпақстанның маңындағы Маңғыт деген көшпелі ауылда өмірге келген біздің 14 жасымызға дейінгі көрген-білген оқиғалар қамтылып жазылды. Ашаршылық жылдарында елден ауып, Қарақалпақстанға көшіп барған көшпенді қазақтың шаңырағында өмірге келдік. Маңғыттан Түркіменстанға қоныс аударып, Амударияның арғы жағында Ауғанстан

өз қағынан шыққан ұлы мен қызы әкесінің жазған көркем әдебиетін оқымайды. Өйткені мәнгүрт, ана тілін білмейді. Оқымаған соң, білмейтіндіктен, қадірін түсінбей, кітапты коқысқа тастамай қайтеді.



шақ қалған соқтаның әбден сыздап мезетіне келген сәті емес пе?

Смағұл Елубай: Солай болды, соны басқа бір күштер пайдаланып кетті. Мұнын тереңіне үнілер болсақ, себебі сан тарау. 1991 жылы

деструктивті күштер оңтайлы пайдаланып, халықты өз дегендеріне ілестіргізіп келіп, түрлі әрекеттерді іске асырды. Арам пиғылды топтар жастарды қолшоқпарына айналдырып, солардың қолымен от көседі. Қан төгілді, қаншама адамның ғұмыры қиылды. Тәуелсіздікке қатер төңді, сын сәтінде Президент батыл шешім қабылдап, билікті ұысынан шығарған жоқ. Егер жағдай басқаша өрбігенде, біз егемендіктен айырылып қалар едік. Өз ішімізде алаатайдай бүліну, бөліну, тартыс орнайтын еді. Арам пиғылдылардың көздегені билікті күшпен, заңсыз жолмен басып алу болды. Егер бұл жоспар орындалғанда анархия, үлкен хаос орын алатын еді. Осы аласапыранда ҰҚК-нің бұрынғы төрағасы К.Мәсімов бастаған бір топ Президентке кіріп «ұшағыңыз әзір тұр, елден кетем десеңіз» дегенді де айтқан. Егер де солардың сесі басып, Қасым-Жомарт Тоқаев президенттік билікті қолдан беріп, Ақордадан шығып кеткенде аласапыран сонда басталар еді. Құдай бетін аулақ етсін, азаматтық соғыс тұтанып кетуі де мүмкін болды. Сепаратизм бас көтергенде еліміз бөлшектеніп кетуі ғажап емес.

Jas qazaq: Қаңтар оқиғасы кезінде зиялымыз деп жүргендердің көбі үнсіз жатты. Көшеге шықпай-ақ қойсын, телеэфир арқылы болса да, жастарға басу айтып, райынан қайтуға үндеуі керек еді ғой. Бірен-саран қайраткерлердің сөздерін қайталап көрумен болды. Сізге өтініш түспеді ме?

Смағұл Елубай: Біріншіден, біздің қолымызда шынайы ақпарат жеткілікті болған жоқ. Расында да, жағдайдың қалай өрбіп, өрістеп отырғанын хабарлап айтқан жоқ. Шешімдер мен байламдардың барлығы да кабинеттерде жасалды. Ал біздің көрген-баққанымыз тек көшедегі қырғын, атыс-шабыс. Қолымызда толыққанды ақпарат, нақты дәйек-дерек болмаған соң, ел алдына шығып, бос сөз айтуға болмайды. Екіншіден, жоқшылық айдап, ашу мен ыза бұған жастардың алдына біз түгілі, үш биіміз тіріліп келіп басу айтса да, тоқтата алмас еді. Өйткені алаңдағы жастарға, қалың шоғырға қантардың қақаған күндері мен түндерінде ақыл айтып, мардымсу керек емес-тұғын. Осыны сезініп білгендіктен, жастардың алдына шығып, абырой таппасымызды білдік. Әрі олардың айтқан мәселесін шешіп беретіндей қолымызда тетік те, билік те жоқ. Үнсіз қалудың себебі де сол.

Маған көптеген адамдар «Жана Қазақстанды құрамыз деп шаруаларды қолға алдық. Бұлдан былай тәуелсіздікке қатер төндіретін жауы кімдер болуы мүмкін?» деген сауалды көлденең тартады. Менің айтар жауабым: жаңа Қазақстанды құру жолында екі үлкен жау бар. Біріншісі — жоқшылық. Жастардың жұмыссыздығы, оның ішінде ауылдан қала жағалап келген зінгіттей жігіттердің қол қусырып тұрақты жұмыс таппауы да үлкен кесел. Екінші жау — басшылардың, қолына билік тізгіні тиген пенделердің желбезегінен өтіп, жұлынына түсіп алған жемқорлық. Міне, осы екеуінен үлкен қатер төнеді. Жұмыссыздықты, жемқорлықты оңтайлы жолмен шешіп, жеңе алса, жаңа Қазақстанның төбесі көрінеді деп айта аламын. Осындай кедергі, кесепаттарды жеңе алмасaq, қантар қырғыны қайталанбасына кім кепіл? Әрине, Алла мұның бетін аулақ қылсын.

Одан кейінгі үлкен мәселе — шетел асқан Қазақстанның капиталын қалай болғанда да елге қайтарып, халықтың игілігіне жұмсалуды. Президент те бұл мәселені төтесінен қойып отыр. Қазақстанның қазба байлығынан ұрлап-жырлап тапқан қаржыны шетелде жасырып, сақтап келген байшықеш манаптардың есеп беретін, елге ен қазынаны қайтаратын кезі тұды. Олардың қылмыстық жолмен иеленген қазынасын елге қайтарту керек. Ендігері мұндайға жол бермей, қатаң қадағалау қажет. Жаңа Қазақстанның болашағы сонда ғана жарқын болады.

Jas qazaq: Рахмет, аман болыңыз, аға.

Сұхбаттасқан
Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ

Смағұл ЕЛУБАЙ, жазушы:

БАЛА ТӘРБИЕСІН УЫСТАН ШЫҒАРЫП АЛСАҚ, ЕРТЕҢІМІЗ БҰЛЫҢҒЫР БОЛАДЫ

шекарасында тұрдық. 1961 жылы Алматы облысына қайта көшіп келдік. Міне, осы кезеңдегі оқиғалар «Балалық шақ баянында» бейнеленеді. Қаламгерлерге ұран тастап, «өз балалық шақтарын туралы толғаныстарыңды жазып, жас ұрпаққа ұсынсаңдар» дедік. Бердібектің де, Сайынның да балаларға арналған әңгіме, хикаяттарының дені өзінің балалық шағындағы басынан өткен оқиғалары. Біз де сол үрдістің негізінде шығарма жазсақ, бүгінгі балалардың әдебиеті толыға түсер еді. Балаларды біз ана тілімізде, әдеби тілде тәрбиелеуді қолдан сусытып алсақ, өзіміз ілініп тұрған бұтақты өзіміз бaltалаған Қожанасырдың кебін киеміз. Бізге аға буын, алдыңғы толқынды тәрбиелеу маңызды емес. Біз үшін жас буынды дұрыс бағытқа, ұлттық негізде өсіретін жұмысты қолға алу керек. Әсіресе, балаларды, жас өскін жеткіншектерді әдебиетпен сусындатып, өсірмесек, мәнгүрттер шығады. Жас буын қазақ тілін білмесе, ана тілінде оқи алмаса, әдеби кітаптардың бетін ашу былай тұрсын, кітаптарды лақтырады. Бұл жайт қазір де болып жатыр. Қазақ әдебиетінің мүйізі қарқарадай қабырғалы қаламгерлері балаларын орыс тілінде оқытқаны себепті

Jas qazaq: Кино да тәрбиелеудің үлкен көсеуі ғой. Бұл бағытта да балалар әлеміне арналған туындыларды көптеп түсіру қажеттігі айтылып келеді.

Смағұл Елубай: Киноиндустрияға бөлінетін қаражаттың есебінен балаларға арналған кемінде бір кино түсірілуі керек. Кинотуындылардың басым бөлігі үлкендерге арналған. Тағы да айтамы, біз балаларды тәрбиелеуді уыстан шығарып алсақ, ертеңіміз бұлыңғыр болады. Сондықтан да аға буынды емес, жеткіншек өскіндердің дұрыс өсуіне күш салып, балаларға арналған фильм түсіруді бір ізге салып, жыл сайын жалғастырып отыру қажет. Мультфильмдер, басқа да телеөнімдер сапалы әрі салмақты негізбен түсірілуі керек. Бұл салада түк шаруа атқарылған жоқ деп ауызды қу шөппен сүрту емес біздікі. Рас, іске асырылып жатқан жоба да, басқа да игі амалдар бар. Дегенмен де бұл салаға үнемі назар аударылып, елеусіз қалмауы керек.

Jas qazaq: Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қабылдауында болғаныңызда да айтылды, биылғы қантар оқиғасы бұл тек Жаңаөзендегі газ бағасының шарықтап екі есеге қымбаттауынан тұтанған жоқ. Жарылуға

тәуелсіздік алғаннан кейін бұрынғы колхоз-совхоздарды жекешелендіру желеуімен таратып жібердік. Бұл үлкен қателік екенін кеш ұғындық. Беларусь елі олай олақ ойға барған жоқ. Тек колхоздың да, совхоздың да атауын жанашалап, жұмысын бұрынғыдай жүргізіп, таратуға жол бермеді. Нәтижесінде ел экономикасының өркендеп, өрге басуына үлкен септігін тигізді. Ал біз таратуға асық тұрдық. Мал-мүлікті де, техниканы да талан-таражға салдық. Жұмыссыздық белең алды, тепсе темір үзетін жасында жұмыссыз қалған жастар қалаға шұбырды. Олардың барлығына да айлығы жоғары жұмыс табылмайтыны айдан анық. Көпшілігі базар жағалады, қара жұмысқа жегілді. Міне, солардан туған баланың өзі отыздың о жақ, бұ жағында. Солар әкесі мен шешесінің тапқан-таянғаны тамағына әзер жететін көріп, соның ортасында өсті. Үйсіз-күйсіз, жұмыссыз, жұмысы болғанымен де тапқан-таянғаны жыртқығына жамау болмайтын жастар да, жамасы да көшеге шықты. Олардың ойынша, ұран көтеріп, дауысын жоғарыға жеткізсе, мәселе шешіледі деген үміт басым еді. Бірақ олай болмады, мұны ішкі, сыртқы

Ұлт тағдыры

ӘЛІ ДЕ КӨЗІ ҺӘМ ҚҰЛАҒЫ

(Басы 1-бетте)

Ал енді бүгінгі күннің ерекшелігі мен тіршілігіміздегі түйткілдерге көшейік. Ескі таныстар, әсіресе, әріптестермен кейде кездесе қалсаң: «Jas qazaq» газеті бар ма өзі?» деп сұрайды. «Ия» десен: «Ее, әлі шығып жатыр екен ғой, жарықтық» дейді таңданысын жасыра алмай. Таңқалатын жөні бар. Батыста белең алған Postjournalism and the Death of the Newspapers (*Журналистиканың ақыры және газеттердің «өлімі»*) дейтін парықсыз пайымның ызғарлы салқыны бізге жеткенде, содан кейін жұрт жаппай әлеуметтік желіге көшкенде басылмның оқырманы азайды, таралым өрісі тарылды. Нарықтың қатал да қаржы қыспағы, қымбатшылық (*қағаз, баспахана, тарату шығыны*), әсіресе, өз күнін өзі көретін газеттерге ауыр тиіп, жуанның жіңішкеріп, жіңішкенін үзілетін күйін кешті. Әйтеуір, мемлекетке мың да бір рахмет. Азын-аулақ болса да тиын-тебенімен жекеменшік басылымдарды да қолтықтан демеп, құрдымға кетуден құтқарып келеді.



Жаксыны жаксы деп айтуға тиіспіз. Кейінгі кезде мемлекет ақпарат құралдарының ұлттық идеологияның қалыптастырудағы рөлін

оң бағалап, аталған салаға жете мән бере бастады. Даурен Абаев ақпарат министрлігіне келген соң мемлекеттік тапсырысты орындаудың екі жаққа да тиімді тәсілін енгізді. Аида Балаева осы жүйені одан әрі жетілдіріп, журналистермен тығыз қарым-қатынас орнатты. Мемлекет басшысының тапсырмасымен қазіргі министріміз Асқар Омаров БАҚ туралы жаңа заңның жобасын дайындауды көздейтін үлкен шаруаны қолға алды. Тіліші қауым мен сарапшылардан құралған Жұмыс тобын құрды.

Сол Жұмыс тобына газетіміздің атынан біз де қосылдық. Журналистің мәртебесін айқындау жөніндегі ұсынысымыз жеткіздік. Оның мәнісі мынада. БАҚ қызметкері әлеуметтік жеңілдіктерге мұқтаж. Әсіресе, ауылдан қалаға келген жас журналистің баспана түйткілін шешу — кезек күттірмейтін көкейкесті Һәм өзекті міндет. Өйткені үй-жайына алаңдап, жұмысына жакын жерден пәтер жалдауға ақшасы жетпейтін журналистен жаксы дүние талап ете алмайсың. Осы мәселені көптен бері қозғап жүрген

қазақтың қабырғалы қаламгері, сенатор — депутатымыз Нұртөре Жүсіп айтқандай,

ешкім тегін үй сұрап жатқан жоқ. Тек бастапқы жарнаны төлеуіне көмектесіп жіберсе. Осы орайда бір кездері өзіміз жұмыс істеген Түркияның игі тәжірибесі бар екенін білдірдік. Түрік әріптестерімің жеңілдетілген несиемен баспаналы болғанын, тілшілердің қоғамдық көлікті тегін пайдаланып, мәдени орындарға қызмет көздігімен кіре алатынын айттық. Әзірбайжаңда тек журналистерге арналған үй бар екенін қаперге салдық.

Капитализмнің тар жол, тайғақ кешу кезеңінде өмір сүргендіктен БАҚ, әсіресе, қазақ тілді, соның ішінде жекеменшік газет пен сайттың мемлекеттік тапсырыс арқылы жұмыс істеуіне қатысты ойымызды ортаға тастадық. Осыған байланысты нақты тақырып бойынша грант бөлу жөнінде ұсыныс бар. Бұл тапсырыс берушіге де, оны орындаушыға да тиімді. Мұны Jas Qazaq-тың тәжірибесі де растайды. Газет Қазақ баспасөзінің нағыз жанашыры, американдық «Шеврон» компаниясымен экология және өндірістегі қауіпсіздік тақырыбы бойынша бірлескен жобаны іске асырғаны мәлім. Міне, екі жылдан бері сенімді серіктеспен мүмкіндігі шектеулі жандарды практикалық журналистикаға баулитын арнайы курсты жүргізіп келеміз. Жер-жерде әлеуметтік жобаларды қолға алды, жұрттың ықпалына бөленген «Шевронның» жауапты да сауапты бастамасы отандық алпауыт компанияларға ой салса екен дейсің.

Бұқаралық ақпарат құралдарын толғандырған түйткіл жетерлік. Реті келгенде тағы да тоқталармыз. Ал қазір әріптестерімізге «Төл мерекеміз құтты болсын!» әлі де халықтың көзі Һәм құлағы болып отырған «БАҚ-тың бағы жансын!» дейміз.

Срайыл СМАЙЫЛ



MEGAPOLIS

Мегapolis

«Vet Qyzmet» жобасының әлемде баламасы жоқ, ветеринария саласын көпшілікке қолжетімді ететін өнім. Оның авторы – Шымкент қаласы «Ветеринариялық қызмет» МКК басшысы Нұрсұлтан Зейнолла. Осы «Vet Qyzmet» инновациялық жобасы ел аумағында үздік деп танылды. Жалпы Шымшаһардың малдәрігерлік саласында жаңа жоба, тың жаңалық көп. Ол жайында бізге мекеме басшысы Нұрсұлтан Зейнолла әңгімелеп берді.

— Нұрсұлтан Қуандықұлы, мамыр айында «Қазақстан Республикасының 100 үздік маманы-2022» байқауында «Vet Qyzmet» инновациялық жобаның жеңімпаз атанды. Жеңісіңіз құтты болсын! Республикалық деңгейде үздік боп танылған жобаның нендей ерекшелігі бар?

— Иә, жылы лебіздеріңізге рахмет! «Vet Qyzmet» инновациялық жобасы ветеринария саласын цифрландыруға, қызметтерді халыққа қолжетімді етуге, барлық процестерді айқын етуге, сала жүйесіндегі барлық кемшіліктерді жоюға бағытталғандықтан республикалық деңгейде үздік болып танылды.

«Vet Qyzmet» жобасы әлемде баламасы жоқ, халық үшін ветеринария саласын айқын және оңай қолжетімді ететін өнім деп айтуға әбден болады. Ол мынадай іс-қимылды қамтиды:

- барлық жұмыс процесін автоматтандыру (*жануарларды тіркеу, тіркеуден шығару, вакцинацияға өтініш қалдыру, қаңғыбас иттерді аулауға қатысты өтініш қалдыру*);
- процесті онлайн режимде бақылау мүмкіндігі;
- МКК бекеттерінде кезектерді жою;
- Вет-дәрігерлердің жұмыс барысын бақылап отыру;
- МКК міндеттерінің сапалы орындалу уақытын әлдеқайда жылдамдату;

Біздің іске қосып жатқан «Vet Qyzmet» жобасы мал шаруашылығы саласындағы іс-қимылды, ветеринарлық іс-шараларды онлайн режимде бақылап отыруға талдау жасап, мониторинг жүргізуге мүмкіндік береді.

Жобаның түпкі мақсаты — қала тұрғындары үшін малдәрігерлік салаға қатысы бар мәселелерді шешуді автоматтандыру, жылдамдату, ыңғайлы ету және уақыт талабына сәйкестендіру дер едім.

— Өзіңіз басқарып отырған Шымкент қаласы «Ветеринариялық қызмет» МКК-де жаңа жобалар, тың жаңалықтар болып жатқанға ұқсайды. Қызметкерлердің жұмыс өнімділігін арттыру мақсатында қандай жұмыстар қолға алынды?

— Ең алдымен, қызметкерлерді жоғары жалақымен қамтамасыз ету, сондай-ақ материалдық-техникалық базаны жақсарту (*мысалы, термочемодан, фиксатор*), QR бекітілген жаңа формамен қамтамасыз ету қолға алынды. Жаңа бірегей форма қызметкерлердің жұмыс өнімділігін арттыру мақсатында жүргізілген зерттеулердің нәтижесіне сүйене отырып, арнайы құрастырылған. Енгізілген жанартулардың артықшылығы сонда, жаңа форма үлгісіндегі «Vet Qyzmet» логотиптері мекеме мамандарын ақылы қызмет көрсететін жалған ветеринариялық дәрігерлерден ажыратуға ықпал етеді. Одан соң әрбір мал дәрігерінің кеудесіне бекітілген QR-кодты сканерлеу арқылы қызметкер және мекеме жайлы толық ақпаратты көре аласыз. Сонымен қатар өз пікіріңіз бен ұсыныстарыңызды онлайн режимде қалдыру мүмкіндігі қарастырылған. Бұл арқылы әрбір ветеринариялық дәрігердің рейтингі шығып отырады. Мысалы, вакцина салады, одан кейін жұмысына QR арқылы баға беріледі. Әрбір қалдырылған пікір тікелей өз бақылауыма алынады, ол өз кезегінде халық пен мекемені тығыз байланыстыра отырып, қызметкерлердің біліктілігін арттыруға ықпал етеді. Формалда балдық жүйе бар. Сол арқылы жылдың соңында қызметкерлердің ішінде үздігін анықтап, қосымша сыйақы тағайындаймыз.

— Шаһарда мал шаруашылығына арналған «Жасыл дәліз-3» ашылған көрінеді. Сіздерге ұғынықты болғанмен, мұндай ұғымдар бізге беймәлім. Осыны түсіндіре кетсеңіз...

— Дұрыс айтасыз, елімізде 2022 жылғы 1 ақпан мен 31 мамыр аралығында ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру ақпараттық жүйесінде тіркелмеген ауыл шаруашылығы жануарларын тіркеу, заңдастыру үшін «Жасыл дәліз – 3» жүргізілді. Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы №7-1/68 бұйрығына сәйкес, малдың төлі туылған күннен бастап 7 күннен кейін міндетті түрде бірдейлендіруден өтуі тиіс.

2022 жылдың 1 ақпанынан бастап ешқандай шектеусіз кез келген ауыл шаруашылығы жануары тегін бірдейлендірілді. Соның нәтижесінде 43 361 бас тіркелді (*оның ішінде 20658 ірі қара, 20800 уақ мал*). Болашақта мұндай мүмкіндік болу-болмауы екіталай, сол себепті



жануарларды алып-сату кезінде міндетті түрде жергілікті ветеринариялық дәрігерге хабарлау қажет.

Осыған орай 2022 жылдың 1 ақпанынан бастап ешқандай шектеусіз малды заңдастыруға қала тұрғындарында мүмкіндік пайда болды. Бірдейлендіру ақпараттық жүйесінде тіркелген жануарларға Шымкент қаласының



Нұрсұлтан ЗЕЙНОЛЛА, Шымкент қаласы «Ветеринариялық қызмет» МКК басшысы:

САЛАНЫ ӨРГЕ СҮЙРЕЙТІН ҮШ ТҰҒЫР: ЦИФРЛАНДЫРУ, АВТОМАТТАНДЫРУ, ТЕХНОЛОГИЯ

ветеринариялық қызметі тарапынан тегін әрі жоспарлы түрде аса қауіпті жұқпалы аурулардың алдын алуға және кенеге қарсы заңалсыздандыру жұмыстары жүргізіледі. Бірдейлендірілген ауыл шаруашылығы жануарларына ешқандай салық төленбейді. Мал сатып алынғанда немесе төлдеген жағдайда, шұғыл түрде тұрғылықты аумақ бойынша жауапты ветеринарлық дәрігерге хабарлау міндетті.



Бірдейлендіру барысында төлге жеке нөмірі бар құлақ жапсырмалары, құлындарға таңба басылып, ветеринариялық қызмет тарапынан паспорт беріліп, жануар туралы мәлімет дерекқорға алынады. Паспортқа мал иесі, төлге жүргізілген барлық іс-шаралар жайлы толық ақпарат енгізіледі.

Бірдейленуден өтпеген малды тасымалдау, сату, сатып алу, сою заңсыз болып есептеледі. Ауыл шаруашылығы және үй жануарларын есепке алудан, ветеринариялық іс-шараларды жүргізуден бас тартқан тұлға, Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасының 406-шы бабына сәйкес жауапкершілікке тартылатынын ескерте кеткіміз келеді.

— Сіз осы саланы басқарып жүрген басшы ретінде жас ветеринарларға қандай ақыл-кеңес айтасыз? Өзіңізді бұл сала несімен қызықтырған еді?

— Мал шаруашылығы әрқашан да қазақ халқының негізгі кәсібі болған. Ата-бабаларымыз бұл саладағы бағасыз білімі мен тәжірибесін атадан балаға мұра еткен. Қазіргі таңдағы еліміздегі ветеринария саласы ата-бабадан жеткен сол мұраның жұрнағы. Республикамыздың экономикалық, эпизоотикалық және энзоотиялық тұрақтылығы тікелей ветеринарияға байланысты. Халқымыз үшін баға жетпес маңыздылығы және бабаларымыздың тәжірибесіне сүйене отырып, саланы заман талабына сай ету деген мақсат ветеринариядағы өз жолымды бастауға себеп болды.

Мен бұл мамандықты тандауда студенттерге ветеринарлық медицинаның адамзат өмірінде қандай маңызды рөл атқаратындығын ұқтырғым

келеді. Ветеринарлық медицинаның заманауи аспектілерінде егер студенттер өздерінің таңдаған мамандықтарына қызығушылық пен сүйіспеншілік танытса, көп мүмкіндіктерге ие.

Біз оқу жағдайында кәсіби ветеринарлардан тәжірибе алу мүмкіндігін ұсынамыз. Кәсіби тәжірибе алудың ең маңызды ережесі — ұдайы ізденіс пен үйрену. Оқу мен тәжірибе барысында

жинақталған барлық білімдерін кәсіби қызмет үдерісінде және міндеттерді шешудің жаңа әдістерінде қолданғанда ғана маңызды. Жастарды әрі қарай жұмысқа орналасуға ынталандырып, ел игілігі үшін жұмыс істеуде мүмкіндігінше жақсы оқуға шақырған болар едім.

Қызметкерлеріміздің кәсіби дамуына көмектесетін қосымша курстарға, тренингтерге, семинарларға қатысуын қос қолдап қолдаймын.

— Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 халыққа Жолдауында ветеринария саласын цифрландыру қажеттілігіне тоқталып еді. Саланы автоматтандыру бағытында бізде қандай жұмыстар жүргізілуде?

— Мемлекет басшысының ветеринария саласын цифрландыру тапсырмасына сәйкес, «Vet Qyzmet» пилоттық жобасы іске қосылды. Сондай-ақ Шымкент



бақылауында болады. Президент Жолдауымен бастау алған ветеринария саласындағы цифрландыру бағытындағы бастау алған бағытымыздың халықтың әл-ауқатын жақсарту жолында жақсы нәтиже беретін игі іс екендігіне сенімдімін.

— Өзіңіз малдәрігерлік саланың келешегін қалай елестетесіз?



— Мемлекет басшысының халыққа Жолдауында Қазақстан экономикасының драйвері — ауыл шаруашылығы, оның ішінде мал шаруашылығы, ветеринария саласында жүйелі жұмыс жүргізу, заманауи технологияларды енгізу үлкен міндет екендігі баса айтылды. Расында, жалпы адамзат үшін ветеринарияның маңызы үлкен. Әрбіріміздің денсаулығымыз, былайша айтқанда, ветеринариямен тығыз байланысты. Себебі тағамды пайдалану, үй жануарларымен байланыс — мұның бәрі де қарапайым әрі маңызды мысалдар. Ал ветеринар дәрігердің көмегімен сол жануардан аламаға жұғатын қауіпті аурулардың алдын алуға болады. Солай өмірімізді сақтандырамыз. Сонымен қатар қоғамда эпизоотиялық тұрақтылықты сақтауға атсалысатын да білікті ветеринарлар. Саладағы көп тұстарға жауапты бұл мамандардың мәртебесін әлеуметтік маңызды сала қызметкерлерімен теңестіріп, жаңа Қазақстандағы ветеринария саласы заман талабына сай, әлемдік деңгейде дамитынына сенімім көміл.

— Осы салада атқарылған жұмыстар, болашақта жоспарыңыз туралы айта отырсаңыз...

— Біз ветеринариялық дәрігерлердің мәртебесін көтеруді әрдайым басты назарда ұстап келеміз. Ол үшін жағдай жасау керек. 2020 жылы Президенттің Жолдауынан кейін қызметкерлердің жалақысын 20 пайызға көтердік. Бұл ел бойынша Нұр-Сұлтан қаласынан кейін ең жоғарғы жалақы көрсеткіші. Ауыл шаруашылығы министрлігінен нормативтік-құқықтық актілер шығатын болса, келесі жылы тағы да жалақы көтерілмек.

«Ветеринариялық қызмет» МКК тарапынан энзоотиялық ауруларға қарсы (*кенеге қарсы*) залалсыздандыру жұмыстары көктем және күз айларында жүргізіледі. Залалсыздандыру жұмыстары тек малы бар және ауыл шаруашылығы жануарларын ұстауға арналған қоралары бар үйлерге тегін жүргізіледі. Сондықтан қала тұрғындарынан үй жануарларын тіркеуді сұраймыз. Айта кетсек, Call Орталық іске қосылып жатыр, қаламыздың кез келген тұрғыны 400-808 нөміріне қоңырау шалып, барлық сұрақтар бойынша толыққанды жауап ала алатын болады. Алдағы уақытта 8 сағатқа іске қосылып, болашақта тәулік бойы үзіліссіз жұмыс істейді деп жоспарлануда.

— Сұхбат бергеніңізге рахмет! Жұмысыңызға сәттілік тілейміз.

Сұхбаттасқан
Мәлім КЕНЖЕБАЙ,
Шымкент қаласы

Шаһар тынысы

Еліміздің астанасы – Нұр-Сұлтан қаласының жылдан-жылға үлкейіп, көркейіп, тұрғындардың да, қонақтардың да көз қуанышына айналғаны шындық. Бірақ бұл көркеюдің ар жағында атқарылған шаруа көзге онша көріне бермейді. Өткенде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Алтай Көлгіновты қабылдап, бірінші жартыжылдықта атқарылған шаруаның есебін тыңдады. Әкім Мемлекет басшысының



СПОРТ НЫСАНДАРЫ – ЕЛ ИГІЛІГІНДЕ

Нұр-Сұлтанда тұрғындардың салауатты өмір салттың ұстануына барынша жағдай жасалады. Айталық, қалада 1016 спорт нысаны жұмыс істейді. Оның ішінде 32 ірі спорт нысанында күн сайын 7 000-нан астам адам шұғылданады.

ҚОЛҒА АЛСА, ШЕШІЛМЕЙТІН ТҮЙІН ЖОҚ

алдына Елорданың әлеуметтік-экономикалық және инфрақұрылымдық дамуы туралы ақпаратын жайып салды.

ҚАЛАДАҒЫ КӨП ЖҰМЫС

Президентке кезекте тұрған азаматтар үшін қолжетімді тұрғын үй құрылысын ұлғайту, жаңа мектептер салу арқылы үш ауысымды оқу мәселесін шешу, автомобиль көпірлері мен жолдар салу, үлестік құрылыс нысандарын аяқтау, газ тарту мәселесі, тұрғын-үй алаптарын дамыту, жеке инвестициялар тарту жөнінде баяндалды. Алтай Көлгінов сорғысу станциясының (ССС-3) құрылысы туралы айтып берді. Бүгінде Нұр-Сұлтан қаласы тәулігіне 300 мың текше метр су тұтынады, ал СССР-3 іске қосылса, тәулігіне 100 мың текше метрден астам қосымша су береді.

Қала әкімінің айтуынша, жылумен жабдықтау қуатын арттыру үшін ЖЭО-3 құрылысы, газ қазандықтарын жобалау жұмысы жүріп жатыр. Газ қазандықтары іске қосылғанда ЖЭО-3 қуаты 3 еседен де асатын болады. Бұл құрылысы жүріп жатқан болашақ аудандарды жылумен қамтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар кәріз тазарту құрылыстарын жобалау (КТҚ-2), инженерлік желілерді жаңғырту, қосалқы электр станцияларын жаңалау жұмыстары жүріп жатыр. Сондай-ақ Президентке қаланы абаттандыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы мәлімет берілді. Биыл елордада тағы 200-ден аса аула мен қоғамдық демалыс орындары жаңартылады. Мемлекет басшысы әкімдік жүргізіп жатқан жұмыстарды қолдады. Алтай Көлгіновке елорданың инфрақұрылымын дамытып, абаттандыру жұмыстарын жалғастыруды, қала тұрғындарының түйткілді мәселелерін шешуді тапсырды.

13 МЫҢ ҮЛЕСКЕРДІ ҚУАНТЫ

Астанадағы түйткілді мәселенің бірі – «сақалды құрылыс». Қала әкімі бұл түйткілді ұдайы өз назарында

ұстайды. Жуырда ол құрылысы ұзаққа созылған нысандар қашан аяқталатынын мәлімдеді. «Құрылысы ұзаққа созылған нысандар кезек бойынша жанданып жатыр. Токтап тұрған тұрғын үй кешендерін аяқтау бойынша ауқымды жұмыс жүруде. 150 көппәтерлі тұрғын үй кешенінің 90-ы аяқталды. Қалған 60 нысанды биыл және келесі жылы аяқтауды жоспарлап отырмыз», – деп жазды ол өзінің Инстаграм парақшасында.

А.Көлгінов астананы аралау барысында «Royal Expro» тұрғын үй кешенінің құрылыс барысымен танысты. Құрылысы бітпей қойған бұл нысанда 300-ден астам үлескер отбасы бар. Олар жылдар бойы баспанасын күтуден шаршады. Әкімнің айтуынша, тұрғын үй кешені құрылысын аяқтау үшін

жүріп жатыр. Он және сол жағалауды жалғайтын Ұлы дала даңғылындағы көпір Мәңгілік Ел даңғылын, Нәжімеденов, Байтұрсынов, Қошқарбаев көшелерін, Nova city ауданын, «Мыңжылдық» аллеясын байланыстыруға мүмкіндік береді. Теміржол вокзалына, Тельман, Промышленный елді мекендеріне, МЕТРО гипермаркеті ауданына, Жұмабаев даңғылына, Жүргенов көшесіне жету оңайлайды.

Ал Тәуелсіздік даңғылындағы Есіл өзені арқылы өтетін көпір Тәуелсіздік даңғылын, жаңа теміржол вокзалын, Хазірет Сұлтан мешітін, Нәжімеденов, Қошқарбаев даңғылын, Байтұрсынов, Қордай, Айнакөл көшелерін, сол сияқты Момышұлы даңғылын сол жағалауымен және т.б. қосымша байланысты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

СПОРТ НЫСАНДАРЫ – ЕЛ ИГІЛІГІНДЕ

Нұр-Сұлтанда тұрғындардың салауатты өмір салттың ұстануына барынша жағдай жасалады. Айталық, қалада 1016 спорт нысаны жұмыс істейді. Оның ішінде 32 ірі спорт нысанында күн сайын 7 000-нан астам адам шұғылданады.

инвестор тартылған. Бүгінгі күні витраж, терезе орнату, ішкі желілерді жүргізу, бір жерінде жабынын төсеу, сол сияқты монолитті жұмыстар және тағы басқа жұмыстар жүргізіліп жатыр. Жоспар бойынша тұрғын үй кешені биыл пайдалануға берілуі тиіс. «Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 16

Тұрғындардың жаппай дене шынықтырумен айналысуы үшін астананың төрт елді мекенінде дене шынықтыру-сауықтыру кешендерінің (ДСК) құрылысы жоспарланған. Олардың екеуі Көктал-2 және Өндіріс елді мекендерінде пайдалануға берілді. Қазір мұнда оқу-жаттығу сабақтары



мың үлескердің 13 мыңының түйткілі шешілді. Дегенмен әлі де 3 мың үлескер отбасы бар. Олардың үлестік құрылыс нысандары бойынша қадамдық іс-шара жоспары бар», – деп жазды Елорда әкімі.

ҚАЛА «АРТЕРИЯСЫНА» ҚАН ЖҮГІРТУ

Қаланың келбеті қаншама тартымды болғанымен, көшесі ойқы-шойқы болса, бүкіл жағымды әсерді жоққа шығаратыны сөзсіз. Сондықтан жыл сайын астана көшелерін жөндеу жұмысына айрықша мән беріледі.

Мәселен, биыл Нұр-Сұлтанда 100-ден астам көше салынып, жөнделді. Сондай-ақ 140-тан астам көшенің асфальтбетон жабынын жөндеу жоспарланған.

Ал қаланың шет аумақтарын дамытудың 2020-2021 жылдарға арналған бағдарламасы аясында Көктал-1, Көктал-2, Комсомольский, Интернациональный, Достық, Оңтүстік-Шығыс елді мекендерінде инженерлік желілер мен жол салу бойынша жобалар іске асырылуда. Осы уақыт ішінде 31 шақырым инженерлік желі, оған қоса 6,2 шақырым жол салынды.

Қазіргі кезде қалада екі автомобиль көпірінің құрылысы

жүріп жатыр. Ал Үркер және Теміржолшылар елді мекенінде дене шынықтыру-сауықтыру кешендері 2023 жылы пайдалануға беріледі.

Қаланың шет аумақтарының тұрғындары, оның ішінде халықтың әлеуметтік осал топтарынан мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін спортпен шұғылдануға қадамдық қолжетімділікті қамтамасыз ету, спортты, сол сияқты салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында елорданың өзге аудандарында да спорт ғимараттарын салуды жоспарлау бойынша жұмыстар жүріп жатыр.

К.Мұнайпасов атындағы футбол стадионы мен «Қазақстан» спорт сарайын қайта жаңарту және жаңғырту жұмыстары жүріп жатыр. Жұмыстарды аяқтау 2023 жылға жоспарланған.

Нұр-Сұлтан қаласының спортшыларын дәргерлік және динамикалық тұрғыда бақылау үшін спорттық медицина орталығын ашу жұмыстары жүріп жатыр. Осы мақсатта қалпына келтіру, профилактикалық және оңалту іс-шараларын жүргізу мүмкіндігі беріледі.

Орталық күн сайын медициналық тексеру үшін 100 адамды қабылдайтын болады.

Нәргүл МЫРЗАХМЕТ

Экология

(Басы 1-бетте)

АТЫРАУДА СОЗЫЛМАЛЫ АУРУ КӨБЕЙДІ

«Атырауда қоршаған ортаға зиянын тигізетін 51 кәсіпорын тіркелген. Өнеркәсіп нысандарының қоршаған ортаға зиянды әсерін азайтуға санитарлық-қорғау аумағын көгалдандыру, оны көркейту және рұқсат етілген шекті деңгей нормативтерін сақтау көп әсерін тигізеді. Алайда өнеркәсіп объектілері санитарлық-қорғау аумағын көгалдандыруды толық сақтамай отыр», – дейді Бекешова.

Оның айтуынша, санитарлық-қорғау аумағы 500 м және одан үлкен нысандардың меншік иелері 40 пайыз аумағын тұрғын үй құрылысы бағытына қарай ағаш-бұта көшеттері жолағын жасақтай отырып, көгалдандыруға міндетті. Бүгінге дейін санитариялық қағидаларға сәйкес бірде-бір өнеркәсіп нысандарының санитарлық-қорғау аумағы толық көгалға айналған жоқ.

Бұдан соң ол атмосфералық ауаның ластануы қоршаған ортаға ғана емес, адам денсаулығына да кері әсерін тигізіп жатқанына да алаңдаушылық білдірді.

Ауаны ластағыш заттардың аз ғана концентрациясының жағымсыз әсері адам организмінің жекелеген орган, ағза жүйелерінің бұзылуына, жалпы төзімділіктің төмендеуіне әкелетіні белгілі. Атмосферадағы ластауыш заттардың созылмалы әсері жалпы организмнің әлсіреуіне, соның нәтижесінде

созылмалы бронхит, жедел респираторлы аурулар, созылмалы ринит, отит, өкпе эмфиземасының өсуіне, т.б ауруларға ұластырады.

Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығының мәліметіне сәйкес, Атырау қаласының тұрғындарының соңғы 2 жылдағы аурушандық көрсеткішін сараптағанда төмендегідей жағдай анықталып отыр. Облыста алғаш рет тіркелген жалпы аурулар саны 100 мың адамға шаққанда 0,1 есеге өскен. Соның ішінде – тыныс алу органдарының аурулары 0,3 есеге өссе, Атырау қаласында көрсеткіш 0,4 есеге өсіп, облыстық көрсеткіштен саны артқан. Алғаш рет анықталған қатерлі ісік ауруларына шалдыққан науқастар саны облыс бойынша 0,1 есеге дейін көбейген. Облыс орталығында бұл көрсеткіш, тіпті жоғары – 0,3 есе. Қан айналымы жүйесінің аурулары 0,2 есе артыпты.

Атырау облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Ә.Бекешова бұл талдаудың халық денсаулығының жай-күйі мен мекендеу ортасының әсері арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды анықтау үшін жүргізіліп отырғанын ерекше атап өтті.

Нәргүл НАСЫП,
Атырау облысы

Ынтымақтастық

БАЙЛАНЫС НЫҒАЯ ТҮСЕДІ

Алматыдағы Қытай Халық Республикасының Бас консулы Цзян Вэй БАҚ өкілдерінің кәсіби мерекесі қарсаңында аламатылық бірқатар журналистермен кездесу өткізді. Жиынды Бас консул Абай Құнанбаевтың «Әлемде өзгермейтін ештеңе жоқ, зұлымдық та мәңгілік емес. Қаһарлы қыстан кейін, гүлдей жайнап көктем келеді» деген сөзімен бастады.

арасындағы ажырамас байланыстың нәтижесі БАҚ өкілдерінің жұмысынан көрінеді. Бас консулдық журналистермен бірлесіп жұмыс істеуге әрдайым дайын», – делі.

Бас консулдық қазақстандық журналистермен 3 негізгі бағыт бойынша жұмыс істейді. Біріншісі — екі ел арасындағы достықты нығайту және «Бір белдеу, бір жол» жобасы аясында іскерлік қарым-қатынас, гуманитарлық көмек, екі ел келісімімен жүзеге асырылатын жобаларға ақпараттық қолдау көрсету. Екіншісі — ақпарат таратуда неғұрлым объективті пікірлерге басымдық беру. Бүгінде



Қытай экономикасы, әлеуметтік дамуы мен эпидемиямен күрес жайлы толыққанды материалдар беріледі. Бұл мәліметтер жаңа форматпен, әр түрлі әдіспен оқырмандарға ұсынылуда. Өкінішке қарай, кейбір БАҚ өкілдері Қытай елі туралы шындыққа жанаспайтын материалдар таратуда. Ақпарат құралдарының шынайы ақпаратының арқасында ғана оқырмандар Қытай елі туралы толық мәлімет алады.

Үшіншісі — екі ел арасындағы БАҚ өкілдерінің қарым-қатынасын нығайту. Жиын соңында Бас консул Цзян Вэй тілші қауым тарапынан қойылған сауалдарға жан-жақты жауап беріп: «Қытай мен Қазақстан ажырамас көрші. Екі елдің саяси әрі дипломатиялық қарым-қатынасын одан әрі нығая түседі. Бұл екі елдің тұрақты дамуына серпін береді», – делі.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Абай облысы

Нұрлан ҰРАНХАЕВ:

БАРЫС-КЕЛІС ҮЙҒАЙЛЫ БОЛУ ҮШІН ДАҢҒЫЛ ЖОЛ КЕРЕК

Абай облысының әкімі Нұрлан Ұранхәев Абай ауданына жұмыс сапары аясында «Абай-Шәкәрім» мемориалдық кешеніне барып, бабалар рухына тағзым жасады. Абай Құнанбайұлының мұражай үйіне барып, ондағы атқарылған жұмыстармен танысты.

Сондай-ақ облыс басшысы Қарауыл ауылындағы «Абай» сабағына, «Шыңғыстау» спорт кешеніне, «Бір қабатты — Шығыс» бағдарламасы аясында салынып жатқан тұрғын үйлерге барды. Аудандық мәдениет үйінде аудан тұрғындарымен кездесіп, қойылған сауалдарға жауап берді.

«Осында келерлің алдында, жолда Беріліге соқтым. Ол жерде негізгі жолға қосылатын төрт шақырым жолды көтеру қажет. Сол сияқты, осыдан 62 жыл бұрын салынған (1960 ж.) «Еңлік-Кебек» ескерткіші де уақыт талабына сай жөндеуден өтуі қажет деп ойлаймын. Ақшоқыға баратын 21 шақырым жолдың жағдайын білесіздер. Қонақтарымызды қасиетті қорымға кара жолмен апарған дұрыс емес. Ол жерге де асфальт төселуі керек. Жалпы, менің ойымша, келешекте Семей мен Қарауылдың арасында, үлкен, төрт жолақты даңғыл жол болуы керек. Бұл жергілікті халыққа да, туристерге де, жалпы барыс-келіске өте ыңғайлы болады деп есептеймін», – деп атап



өтті Абай облысының әкімі тұрғындармен кездесуде.

Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовтің 125 жылдық мерейтойына қатысты Н.Ұранхәев былай делі: «Биыл, Ұлы Абайды әлемге танытқан Мұхтар Әуезовтің туғанына 125 жыл. Заңғар жазушының атын өшірмей, мол мұрасын насихаттау — елімізге артылған зор жауапкершілік. Сондықтан біз, Президентіміз айтқандай, ысырапшылдыққа жол бермей, Ұлы Мұханның мерейтойын жоғары деңгейде өткіземіз».

Облыс басшысы жұмыс сапарының соңында Абай ауданын ұзақ жылдар бойы басқарып, ауданның өркендеуі мен дамуына сүбелі үлес қосқан Хәфиз Матаевтың құрметіне арналған ескерткіш тақтаның ашылу рәсіміне қатысты.

(Өз тілшіміз)

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ

«Сентрас Иншуранс» сақтандыру компаниясы» АҚ акционері мен басшылығына

Пікір

Біз «Сентрас Иншуранс» сақтандыру компаниясы» АҚ (*бұдан әрі — «Компания»*) қаржылық есептілігіне 2021 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайы туралы есептен, пайда немесе шығын туралы және өзге де жиынтық кіріс туралы есептен, капиталдағы өзгерістер туралы есептен және аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептен тұратын аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған қаржылық есептілік барлық елеулі қатынастарда компанияның 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның қаржылық нәтижелерін және Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (*бұдан әрі — «КЕХС»*) сәйкес көрсетілген күні аяқталған жыл үшін ақша қаражатының қозғалысын дұрыс көрсетеді..

Пікір білдіруге негіздеме

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (*бұдан әрі — «ХАС»*) сәйкес жүргіздік. Біздің жауапкершілігіміз, көрсетілген стандарттарға сәйкес, бұдан әрі біздің қорытындымыздың «Қаржылық есептілік аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі» бөлімінде баяндалады. Біз Қазақстан Республикасында қаржылық есептілік аудитіне қолданылатын әлеп талаптарға сәйкес компанияға қатысты тәуелсізбіз және осы талаптарға сәйкес өзге де әлеп міндеттерді орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізді білдіруге негіз болу үшін жеткілікті және тиісті деп санаймыз.

Басшылықтың және корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық КЕХС-қа сәйкес көрсетілген қаржылық есептілікті дайындау және дұрыс ұсыну үшін және басшылық жосықсыз іс-әрекеттер немесе қателер салдарынан елеулі бұрмалауларды қамтымайтын қаржылық есептілікті дайындау үшін қажетті деп есептейтін ішкі бақылау жүйесі үшін жауапты болады.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде қаржылық компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, қызметтің үздіксіздігіне қатысты тиісті жағдайларда мәліметтерді ашуға және басшылық компанияны таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниеттенген немесе оның қандай да бір іс-әрекеті болмаған жағдайларды қоспағанда, қызметтің үздіксіздігі туралы жорамал немесе қызметті жою немесе тоқтатудан басқа нақты балама негізінде қаржылық есептілікті жасауға жауапты болады.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалар компанияның қаржылық есептілігінің дайындалуын қадағалауға жауапты болады.

Аудитордың қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз — қаржылық есептілікте жосықсыз іс-әрекеттер немесе қателер салдарынан елеулі бұрмалаулар жоқ екендігіне ақылға қонымды сенімділік алу және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық қорытынды шығару болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік жоғары сенімділік дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит олар болған кезде әрдайым елеулі бұрмалаушылықтарды анықтайтынына кепілдік болып табылмайды. Бұрмалау жосықсыз әрекеттердің немесе қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында пайдаланушылардың осы қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізді түрде болжауға болатын болса, елеулі болып саналады.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудит шеңберінде біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Сонымен қатар, біз келесілерді орындаймыз:

- жосықсыз іс-әрекеттер немесе қателер салдарынан қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; пікірімізді білдіруге негіз болу үшін жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдемелерді аламыз. Жосықсыз іс-әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау тәуекелі қателік нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау тәуекелінен жоғары, өйткені жосықсыз іс-әрекеттер сөз байласуды, жалғандықты, қасақана өткізіп жіберуді, ақпаратты бұрмаланған ұсынуды немесе ішкі бақылау жүйесінен тыс іс-әрекеттерді қамтуы мүмкін;
- компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесі туралы түсінік аламыз;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің негізділігін және ақпараттың тиісті ашылуын бағалаймыз;
- басшылықтың қызметтің үздіксіздігіне жол беруді қолданудың заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелердің негізінде «Сентрас Иншуранс» сақтандыру компаниясы» АҚ-ның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне елеулі күмән тудыруы мүмкін оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты елеулі белгісіздіктің бар-жоғы туралы қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы қорытындыға келсек, біз аудиторлық қорытындымызда қаржылық есептіліктегі ақпаратты тиісті түрде ашуға назар аударуымыз немесе, егер мұндай ақпаратты ашу тиісті емес болып табылса, біздің пікірімізді өзгертуіміз керек. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық қорытынды жасағанға дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда болашақ оқиғалар немесе жағдайлар компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкелуі мүмкін;
- жалпы қаржылық есептіліктің ұсынылуын, ақпараттың ашылуын қоса алғанда, оның құрылымы мен мазмұнын, сондай-ақ қаржылық есептіліктің оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды олардың дұрыс ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынуын бағалауды жүргіземіз.

Аудитордың қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі (жалғасы)

Біз «Сентрас Иншуранс» сақтандыру компаниясы» АҚ корпоративтік басқаруына жауап беретін тұлғалармен ақпараттық қарым-қатынасты жүзеге асырамыз, сонымен қатар оларға аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімі туралы, сонымен қатар аудит нәтижелері бойынша маңызды ескертулер, соның ішінде ішкі бақылау жүйесінің аудит кезінде біз анықтаған маңызды кемшіліктері туралы ақпарат береміз.

Ержан Досымбеков Жоба серіктесі/«Grant Thornton» ЖШС-нің бас директоры		
Қазақстан Республикасының білікті аудиторы 2012 жылдың 20 қаңтардағы біліктілік куәлігі №МФ-0000069		
Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық қызметпен айналысуға Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитетімен 2018 жылғы 3 тамызда берілген сериясы №18015053 мемлекеттік лицензия.		
28 сәуір 2022 жыл Қазақстан Республикасы Алматы қаласы		
Форма №1		
«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бухгалтерлік балансы 2022 жылғы «01» қаңтардағы жағдай бойынша		
(мың теңгемен)		

Баптар атауы	01.01.2022	01.01.2021
1	2	3
Ақша қаражаты және оның баламалары	409 088	149 719
Орналас­ты­рыл­ған салымдар (құнсыздануға арналған резервтерді иешегеренде)	0	209 522
Сату үшін қолда бар бағалы қағаздар (құнсыздануға арналған резервтерді иешегеренде)	17 968 004	8 919 754
Бағалы қағаздармен «Кері РЕПО» операциялары	402 840	2 065 895
Еңбек сіңірілмеген сый­лықақылар бойынша қайта сақтандыру активтері (құнсыздануға арналған резервтерді иешегеренде)	1 431 246	1 122 619
Болған, бірақ мәлімделмеген шығындар бойынша қайта сақтандыру активтері (құнсыздануға арналған резервтерді иешегеренде)	573 104	537 642
Мәлімделген, бірақ реттелмеген зияндар бойынша қайта сақтандыру активтері (құнсыздануға арналған резервтерді иешегеренде)	689 870	570 859
Сақтанушылардан (қайта сақтанушылардан) және делдалдардан алынатын сақтандыру сый­лықақылары (құнсыздануға арналған резервтерді иешегеренде)	387 155	842 462
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек (құнсыздануға арналған резервтерді иешегеренде)	162 366	148 741
Басқа дебиторлық берешек (құнсыздануға арналған резервтерді иешегеренде)	236 549	333 495
Болашақ кезеңдер шығындары	13 424	4 986
Ағымды салық активі	43 716	20 224
Салынған салық активі	66 472	49 779
Қорлар	19 816	17 959
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер (амортизацияны және құнсызданудан болған зияндарды иешегеренде)	156 637	173 670
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер (амортизацияны және құнсызданудан болған зияндарды иешегеренде)	151 780	0
Материалды емес активтер (амортизацияны есептемегенде)	65 979	78 135
Басқа активтер	24 180	133 239
Барлық активтер	22 802 226	15 378 700
Атқарылмаған сый­лықақы резерві	3 721 583	4 218 395
Болған, бірақ мәлімделмеген залалдар резерві	1 466 065	1 472 917
Мәлімделген, бірақ реттелмеген зияндар резерві	1 560 699	1 580 015
Қайта сақтандырушылармен есеп айырысу	477 473	413 052

Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметі бойынша делдалдармен есеп айырысу	29 014	33 606
Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша төлеуге берілетін шоттар	105 475	100 332
Басқа кредиторлық қарыздар	53 161	47 464
Жалға алу бойынша міндеттемелер	156 406	0
«РЕПО» операциясы	5 970 092	368 278
Болашақ кезеңдердің табысы	169 454	195 551
Салықтар бойынша міндеттемелер	52 537	51 449
Басқа міндеттемелер	286 266	331 677
Барлық міндеттемелер	14 048 225	8 812 736
Жарғылық капитал (құрылтайшылар салымдары)	1 325 750	1 325 750
Турақтандырушы резерв	0	4 740
анықтамалықта табылмалы	376 995	344 976
бөлінбеген пайда	7 051 256	4 890 498
алдыңғы жылдар	4 895 238	3 389 003
есептік кезең	2 156 018	1 501 495
Барлық капитал	8 754 001	6 565 964
Барлық міндеттемелер және капитал	22 802 226	15 378 700

Бірінші басшы (ол болмаған жағдайда — оны алмастыратын тұлға)	Б.А. Турысбеков
Бас есепші (ол болмаған жағдайда — оны алмастыратын тұлға)	Т.Б. Скачкова

Форма №2

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ
сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кірістер және шығыстар туралы есеп
2022 жылғы «01» қаңтардағы жағдай бойынша

(мың теңгемен)

Баптар атауы	01.01.2022	01.01.2021
1	2	3
Сақтандыру құызметі бойынша кірістер	6 143 175	7 221 659
Сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сый­лықақылары	10 636 518	12 040 245
Қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сый­лықақылары	120 710	69 852
Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сый­лықақылары	5 994 195	5 372 581
Сақтандыру сый­лықақыларының таза сомасы	4 763 033	6 737 516
Атқарылмаған сый­лықақы резервінің өзгеруі	-496 812	-722 327
Атқарылмаған сый­лықақылар бойынша қайта сақтандыру активтерінің өзгеруі	308 627	-722 228
Атқарған сақтандыру сый­ақылары, нетто	5 568 472	6 737 615
Сақтандыру қызметі бойынша комиссиялық сый­ақы түріндегі кірістер	553 926	443 345
Сақтандыру қызметінен түсетін басқа да кірістер	20 777	40 699
Инвестициялық қызмет бойынша кірістер	2 200 138	1 397 099
Сый­ақы алуға байланысты кірістер	972 809	580 749
Сый­ақы (купон немесе дисконт) түріндегі бағалы қағаздар бойынша кірістер	963 591	533 841
орналастырылған салымдар бойынша сый­ақы түріндегі кірістер	9 218	46 908
Қаржы активтерімен операциялар бойынша кірістер (шығыстар) (нетто)	-168 451	103 749
бағалы қағаздарды сатып алу-сатудан түскен кірістер (шығыстар) (нетто)	-21 747	-2 820
Кері РЕПО операциялары бойынша кірістер	-146 704	106 569
Қайта бағалаудан болған кірістер (шығыстар) (нетто)	1 220 986	571 422
сату үшін қолда бар Бағалы қағаздар құнының өзгеруінен кірістер (шығыстар)	1 150 949	298 414
Шетел валютасын қайта бағалаудан кірістер (шығыстар) (нетто)	70 037	273 008
Басқа заңды тұлғалардың капиталына қатысудан түскен кірістер	182 617	144 147
Инвестициялық қызметтен түскен басқа да кірістер (шығыстар)	-7 823	-2 968
Өзге қызметтен түскен кірістер	16 855	41 727
Активтерді сатудан және активтерді алудан (беруден) түскен кірістер (шығыстар)	7 467	17 507
Өзге қызметтен түсетін өзге де кірістер	9 388	24 220
Барлық кірістер	8 360 168	8 660 485
Сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша шығыстар	2 218 826	3 291 090
Қайта сақтандыруға қабылданған шарттар бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша шығыстар	129 760	144 572
Қайта сақтандыруға берілген тәуекелдер бойынша шығыстарды өтеу	689 818	1 224 258
Кері талап бойынша өтеу	157 492	199 917
Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша таза шығыстар	1 501 276	2 011 487
Сақтандыру залалдарын реттеу бойынша шығыстар	28 408	37 554
Болған, бірақ мәлімделмеген залалдар резервінің өзгеруі	-6 852	-26 956
Болған, бірақ мәлімделмеген шығындар бойынша қайта сақтандыру активтерінің өзгеруі	35 462	-81 207
Мәлімделген, бірақ реттелмеген залалдар резервінің өзгеруі	-19 316	-149 285
Мәлімделген, бірақ реттелмеген зияндар бойынша қайта сақтандыру активтерінің өзгеруі	119 011	104 576
Сақтандыру қызметі бойынша комиссиялық сый­ақы төлеу бойынша шығыстар	1 241 348	1 935 576
Сақтандыру (қайта сақтандыру)шартын бұзуға байланысты шығыстар	356 737	565 449
Төлеуге байланысты шығыстар сый­ақы	60 581	80 253
бағалы қағаздар бойынша сый­лықақы түріндегі шығыстар	60 581	80 253
Жалдау бойынша міндеттемелер бойынша пайыздық шығыстар	11 594	2 008
Құнсыздану бойынша резервтерге арналған шығыстар	177 082	52 573
Құнсыздану бойынша резервтерді қалпына келтіру	31 042	25 702
Құнсыздану бойынша резервтерге арналған таза шығыстар	146 040	26 871
Жалпы және әкімшілік шығыстар, оның ішінде:	2 795 819	2 408 611
енбекке ақы төлеу және іссапар шығыстары	1 861 676	1 552 600
корпоративтік табыс салығын қоспағанда, ағымдағы салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер	151 469	135 660
ағымдағы жалдау бойынша шығыстар	134 646	141 281
жарнамаға арналған шығыстар	114 197	120 425
үшінші тұлғалардың қызметтері	65 665	53 100
аудиторлық, консультациялық қызметтерге және ақпараттық шығыстарға арналған шығынтар	50 898	54 474
Амортизациялық аударымдар және тозу	109 157	94 430
Өзге де шығынтар	10 457	28 393
Барлық шығындар	5 971 619	6 896 592
Кезең бойынша пайда (шығын)	2 388 549	1 763 893
Салық салынғанға дейінгі таза пайда/таза шығын	2 388 549	1 763 893
Корпоративтік табыс салығын төлегенге дейінгі таза пайда (шығын)	2 388 549	1 763 893
Табыс салығы бойынша шығындар	232 531	262 398
Корпоративтік табыс салығы	232 531	262 398
Таза пайда/таза шығын	2 156 018	1 501 495
Салықтарды төлегеннен кейінгі таза пайданың (шығынның) жиынтығы	2 156 018	1 501 495

Бірінші басшы (ол болмаған жағдайда — оны алмастыратын тұлға)	Б.А. Турысбеков
Бас есепші (ол болмаған жағдайда — оны алмастыратын тұлға)	Т.Б. Скачкова



«Сентрас Иншуранс» СК» АК сактандыру (қайта сактандыру) ұйымының Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп (жанама әдіс) 2022 жылғы «01» қаңтардағы жағдай бойынша			Форма №3	
			(мың теңгемен)	
Бантар атауы	01.01.2022	01.01.2021		
1	2	3		
Салық салынғанға дейінгі пайда	2 409 156	1 763 893		
Ақшалай емес баптарды түзету:	57 832	441 270		
Амортизациялық аударымдар және тозу	109 157	94 430		
күмәнді борыштар бойынша резервтер бойынша шығындар	146 040	26 871		
қаржы активі құнының өзгеруінен болған іске асырылмаған кірістер мен шығындар	32 019	401 247		
ақшалай емес баптарға өзге де түзетулер	-229 384	-81 278		
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі операциялық кіріс (шығын)	2 466 988	2 205 163		
(Ұлғайту)/операциялық активтердің азаюы:	-7 027 941	-32 405		
Салымдардың азаюы (ұлғаюы)	209 522	-147 084		
Саудаға арналған және сату үшін қолда бар бағалы қағаздарды азайту (ұлғайту)	-9 048 250	-282 935		
РЕПО операциясының ұлғаюы (азаюы)	1 663 055	-282 350		
Қайта сактандыру активтерін азайту (ұлғайту)	-463 100	698 859		
Сактанушылардан (қайта сактанушылардан) және делдалдардан алынатын сактандыру сыйақыларының (ұлғаюы) азаюы	455 307	-209 510		
Баска да дебиторлық берешектің азаюы (ұлғаюы)	96 946	-2 208		
Болашақ кезеңдердің шығыстарын ұлғайту/азайту	-8 438	6 469		
(Ұлғайту) өзге де активтердің азаюы	67 017	186 354		
Операциялық міндеттемелердің ұлғаюы/азаюы	5 079 099	-1 925 001		
Атқарылмаған сыйлакақы резерві сомасының ұлғаюы (азаюы) (нетто)	-496 812	-722 327		
Болған, бірақ мәлімделмеген шығындар резервінің сомасын ұлғайту (азайту) (нетто)	-6 852	-26 956		
Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар резервінің сомасын ұлғайту (азайту) (нетто)	-19 316	-149 285		
Қайта сактандырушылармен есеп айырысулардың ұлғаюы (азаюы)	64 421	-8 535		
Сактандыру (қайта сактандыру) қызметі бойынша делдалдармен есеп айырысулардың ұлғаюы (азаюы)	-4 592	-7 154		
Сактандыру (қайта сактандыру)шарттары бойынша төлеуге берілетін шоттарды ұлғайту (азайту)	5 143	-127 220		
Баска да кредиторлық берешектің ұлғаюы (азаюы)	5 713	-682		
РЕПО операциясының ұлғаюы (азаюы)	5 601 814	-940 078		
Болашақ кезеңдер кірістерінің ұлғаюы (азаюы)	-26 097	26 852		
Өзге де міндеттемелердің ұлғаюы (азаюы)	-44 323	30 384		
Табыс салығын төлегенге дейінгі операциялық қызметтен ақша қаражатының таза ағындары	-1 948 842	-1 957 406		
Төленген корпоративтік табыс салығы	232 531	262 398		
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының жиыны	-2 181 373	-2 219 804		
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу	-26 397	-27 503		
Негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді сату	151	200		
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза ағындары	-26 246	-27 303		
Қаржы қызметінен түскен ақша қаражатының ағындары	0	0		
Есепті кезеңдегі ақшаның таза ұлғаюы немесе азаюы жиынтығы	259 369	-41 944		
Есепті кезеңнің басындағы ақша қаражаты және олардың баламалары	149 719	191 663		
Жыл соңындағы жағдай бойынша ақша қаражаты және олардың баламалары	409 088	149 719		
Бірінші басы (ол болмаған жағдайда — оны алмастыратын тұлға)			Б.А. Турысбеков	
Бас есепші (ол болмаған жағдайда — оны алмастыратын тұлға)			Т.Б. Скачкова	

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының капиталдағы өзгерістері туралы есебі 2022 жылғы «01» қаңтардағы жағдай бойынша						Форма №4
						(мың теңгемен)
Баптар атауы	Жарғылық капитал	Сату үшін қолда бар қаржы активтерін қайта бағалау қоры	Тұрақтандырушы резерв	Бөлінбеген пайда (шығын)	Барлық капитал	
1	2	3	4	5	6	
01.01.2021	1 325 750	344 976	4 740	4 890 498	6 565 964	
Жыл ішіндегі таза пайда	0			2 156 018	2 156 018	
Өзге де жиынтық кіріс	0	32 019	0	0	32 019	
Тұрақтандыру резервінен ауыстыру	0		-4 740	4 740	0	
Кезең ішіндегі жалпы жиынтық кіріс/шығын	1 328 750	376 995	0	7 051 256	8 757 001	
01.01.2022	1 328 750	376 995	0	7 051 256	8 757 001	

Естелік

Жақында М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ғылыми кеңесінің ұсынуымен БҒМ Ғылым комитетінің «Ұлы дала ойындары (Ойындық фольклор): Ұлттық ойындардың ерекше мәдени құбылыс ретіндегі қоғамдық сананы жаңғыртудағы қызметі» атты іргелі зерттеу жобасы бойынша іске асырылған «Ұлы дала ойындары (ойындық фольклор)» атты жинақ жарық көрді. Идея авторы және жоба жетекшісі – Кенжехан Матыжанов.

Бұл еңбекте қазақтың ұлттық ойындары тұңғыш рет қолжазба қорлардан, әр түрлі басылымдардан және шетелдегі қазақтар арасынан жиналған және өзара салыстырылған, іріктелген, жүйеленген нұсқалары топтастырылған. Жинақ «Рәсімдік ойындар», «Ұлттық спорт ойындары», «Ойын-сауық ойындары», «Балалар ойындары», «Интеллектуалдық ойындар» деп аталатын бес тараудан тұрады.

Ұлттық құндылықтарымыздың бірі ретінде ғылыми негізде зерделенген ойын түрлері шынымен де көңіл аударуға тұрарлық. Көңіл аударсақ, бұл жинақты көп данамен шығарып, барша оқырманға таратсақ болар еді.

ОЙЫН ТУРАЛЫ ОЙЛАНСАҚ...

Адамның кез келген қызметінің сипатына барынша терең мән бере қарасаң, ол үнемі ойдан шығарылған бір әрекеттерді аткарып жүреді. Ойдан шығарылған әрекеттің бәрі әлбетте табиғи емес. Жасанды. Басқаша айтқанда, жаратылыс заңдылықтарының шеңберінен тыс адамның өз ойынан шығарып, өз қолымен тындыратын жұмыстар. Құлды бір саналы түрде ойнап жүрген секілді. Олай болса, адам қызметтерін де ойын деп айтуға негіз бар. Адам қызметтерінің алғашқысы — еңбек құралдарын жасау болса, тас қашап отырған Homo sapiens сырт көзге ойнап отырған секілді көрінеді. Шындығында ол ойға алған ісін жүзеге асырмақ болып отыр. Алғашқы еңбек құралының өзі мәдениет туындысы, оны «адамзаттық мәдениеттің бастауы» деген тұжырымды одан әрі тереңдеткен ойын психологиясын зерттеген мәдениеттанушы Йохан Хейзинга: «адам мәдениеті ойын секілді, ойыннан туады, ойынмен өрістейді», «ойын кез келген мәдениетке дейін де бар болатын» дейді. Олай болса, адамзат мәдениетінің бастауы — алғашқы еңбек құралы емес, сол құралды жасауға ықпал еткен ойын деген қорытынды жасауға болады. Демек, ойын мәдениетіміздің бастауы, бөлінбес бөлшегі, оны алға қарай өрістетуші де. Сондықтан да біз ойынды тануымыз, тану үшін зерттеуіміз керек.

Ғалым К. Матыжановтың пайымдауынша, ойын — «бейнелі ойлауға негізделеді», «ойын — адам қиялының жемісі», ол — «адамның рухани әлеміне байланысты» және «адамның ойлау жүйесіне», «адамның сезім әлеміне, өнер мен мәдениетке қатысты категория». Өйткені, — дейді ғалым, — өнер мен мәдениеттің негізгі өзегі бейнелі ойлаудан бастау алады». Егер К. Матыжановтың

ОЙЫН ЖӘНЕ ОЙЫНТАНУ



анықтағанындай, өнер мен мәдениет бейнелі ойлаудан бастау алса, ал Й.Хейзинганың айқындауынша «мәдениет ойыннан басталса», онда біз де «ойын ойлаудан туындайды» деп айта аламыз.

Ойын дегеніміз — жаратылыс заңдылығымен табиғи түрде жүзеге асып жататын үдерістер бірлігі емес, ойдан шығарылған іс-әрекеттер жиынтығы. Таратып айтар болсақ, ойын — адамдардың жаны мен тәнінің қажеттілігін өтеу мақсатында ойдан шығарып, ережеге бағындырып, белгілі бір кеңістікте, белгілі бір уақыт аралығында жүзеге асыратын саналы әрекеттерінің жиынтығы.

Айтылуы мен жазылуында сәл өзгешелік болғанымен, «ойын» деген сөз түркі халықтарына ортақ, негізі бір түбірден шыққан. Мысалы, түрікше «oyn», өзбекше «o'yin», түркменше «oyn», қырғызша «oюн», сахаларша «оонһуу», татарша «уйн», әзірбайжанша «ağlayan» деп айтылады және жазылады. Түркі тілдес халықтарға ортақ екендігінің тағы бір дәлелін біз Махмұд Қашқаридың сөздігінен көреміз. Онда «ойын» түбірінен пайда болған «ойнаш», «ойнақ», «ойнау» деген сөздердің мағынасы берілген(3) (Махмұд Қашқари. Түрік сөздігі. 1-том «Арда+7» А., 2017, 154-бет). Түркі тілдерінде қалыптасып, тұрақталған осы атаудың аудармасы орыстарда «игра»; ағылшындарда «game»; французша «jeu»; моңғолша «тоглоом»; немісше «spiel»; жапонша ゲーム «game»; қытайша 游戏 «yóu xì»; арабша قَبْع «laba»; парсыша عَزَاب «bazi»; Ойын әр тілде әрқалай аталғанымен, атқаратын қызметі мен мән-мағынасы ортақ әрі ұқсас болады. Ойын адамның көңіл көтеру қажеттілігін өтейді, сонымен қатар бос уақытын өткізу үшін де пайдаланылады, бұдан да тереңірек үнілсек, ойын адамға жаратылысынан берілген қабілеттің барлығын толығымен түгел өтеу үшін де әдейі ұйымдастырылады. Әдетте күнделікті өмір ағысында атқарылатын тіршіліктің бәрі бір-біріне ұқсайды және қайталананды, сойтіп адам жалында жатталып қалады да үйреншікті әдетке айналады. Адамның сана күші, сезім қуаты, дене дірмөні де осы үйреншікті әдетке дағдыланып алады да, ол дағдыға физиологиялық-психологиялық қажеттілік тұрғысынан қанағаттанбай қалады. Қанағаттанбаған соң жан мен тәnniң күнделікті тіршіліктен артылған қуатын жұмсайтын тағы бір қарекеттер керек бола бастайды. Ол қарекет — әрине, ойын. Қазақтың ұлттық ойындарының қызметін ойша шолып көрсек, санамызға мынадай мақсаттарға байланысты туындайтыны алдымен ойымызға орала кетеді: **біріншіден**, ойын — *астарында зіл жоқ жеңіл сөздер мен іс-әрекеттер* жиынтығы. Ондай әрекеттердің қатарына өтірік айту, алдау, қалжындау, әзілдеу, қылжақтау, әжуә, т.б. жатады; алдау әріптестік рәуіште болуы да мүмкін, керісінше дұшпанды қарсыластық ниетпен жүзеге асырылуы да мүмкін. Екеуін де халық ойын ретінде қабылдаған; **екіншіден**, ойын — *жылдамдықты, шапшаңдықты сынасу* мақсатындағы іс-әрекеттер жиынтығы. Ондай әрекеттерге жаяужарыс, қыз жарыс, тенге алу, т.б. тиесілі; **үшіншіден**, ойын — *думандату, сауық құру* ниетіндегі іс-қимылдар жиынтығы. Ондай іс-қимылдарға атжарыс, түйежарыс, алтыбакан, аксүйек, қызқуу, белбеу тастау, т.б. кіреді; **төртіншіден**, ойын — *сөз жарыстыру* мақсатындағы әрекеттер жиынтығы. Бұған қайым айтысу, өтірік айтысу, тәжікелесу, жаңылтпаш айтысу т.б. тән; **бесіншіден**, ойын — *ой шынықтыру, қиал шыйрықтыру* үдесіндегі әрекеттер тоғысы. Ондай әрекеттерге дойбы, қара есеп, жұмбақ, шатыраш, тоғызқұмалақ, т.б. табиғы; **алтыншыдан**, ойын — *күштілікті, жігерлілікті сынасатын* іс-қимылдар жиынтығы. Олардың қатарына көкпар, күрес, аударыспақ, арқантартыс, көтеріспек, т.б. енеді; **жетіншіден**, ойын — *мергендікті, ептілікті сынга салар* іс-әрекеттер жиыны. Ондай іс-әрекеттер сапына жамбы атысу, тенге алу, асық атысу, бәлді, бестас, т.б. қосылады; **сегізіншіден**, ойын — *ермек ету, алдарқану* мақсатындағы әрекеттер жиынтығы. Бұл топқа «Ханталапай», «Үйшік-үйшік», «Жүзік тастау», «Сақина жасыру», секілді т.б. ойындар кіреді; **тоғызыншыдан**, ойын — *көңіл көтеру, рахаттану, өнер шыңдау пийғылымен* жүзеге асатын іс-әрекеттер үрдісі. Оған күй тартысу, өлең айтысу, ән шырқасу, кесте тоқысу, ою ойысу сыйақты т.б. бәсекелер жатады; **оныншыдан**, ойын — *дұшпанды күйрету, қирату, жеңу* мақсатында ұйымдастырылатын әрекеттер жиынтығы. Оған соғыс, ұрыс, төбелес, т.б., кіреді; **он біріншіден**, ойын — *ләззат алу, нәпсі құмарлығын қанағаттандыру* мақсатында жасалатын іс-әрекеттер тоғысы. Мұндай әрекеттерге еркек пен ұрғашы арасындағы нәпсілік қатынастар жатады.

Қазақ тілінде ойынға қатысты әрекеттің бәрі «ойын» деген түбірден тараған сөздермен айшықталады. «Ойна», «ойнау», «ойыншық», «ойынсақ», «ойынқұмар», «ойнақ», «ойнақшу», «ойнасу», «ойыппаз», «ойнақтау» т.б.,

Әр түрлі мағыналық ренкке ие осы сөздердің түбірі — «ой». Баска түркі тілдерінде бұл сөздердің қалай пайда болғаны және нендей мағына беретіндігін, яғни этимологиясын іздегеннен бұрын өзіміздің төл тіліміздегі мағынасын аршып алған жокпыз әлі. Себебі, біз бұған дейін ойынға ойлы көзбен мән бермедік, түрлерін түгендеп болмадық, тарихына тереңдеп бармадық, философиялық, психологиялық мәні мен астарына, педагогикалық және әлеуметтік қызметіне ұлттық таным мен түйсік таразылары арқылы толық салмақтамадық.

Біздің іздеп отырғанымыз — жер бедеріне қатысты айтылатын «ой» деген географиялық атау емес, адам миының қызметіне қатысты айтылатын философиялық категория. «Ой» деп біз адамның көргенін, естігенін, сезгенін, оқығанын ақылға салып саралау, сараптау үдерісін және сол үдеріс нәтижесінде пайда болған түйінді, қорытындыны айтамыз. Сонымен қатар адам миының саналы қызметін де «ой» деп түсінеміз. Қазақтың ауызекі тілде де: «ойласаңшы», «ойланшы», «ойлап сөйле» деп жататыны да соның бір айғағы.

Әзірбайжанша «fikir», татарша «уй», қырғызша «ой», түрікше «düşünce» деген атауларына назар аударсақ, казактың «ой» деген сөздерінің «пікір», «түсінік», «ұғым» деген баламалары да алдымыздан шығады. Әйткенмен де «ой» деген сөздің де түркі халықтарына түгел ортақ екенін білеміз. Егер «ойын» деген сөздің төркінін (*этимологиясын*) іздесек, адам миының сапалы қызметін білдіретін — «ой» деген сөз бен іс-әрекет ұғымын беретін — «ын» жалғауының қосылуынан «ой+ын» деген атау шыққан деп топшылауға болады. Олай дейтініміз — казак тілінде «ын», «ін», «ім», «ым» — түбірден түбір тудырушы жұрнақтар екені белгілі. Мысалы, «түйін» — бір нәрсені түю әрекетінің нәтижесі, «жыйын» — көпшіліктің бір жерге жиналу әрекеті, «күйын» — желдің құйқылжу әрекеті.

ҚАЗАҚТА ОЙЫНТАНУ ҒЫЛЫМЫ БАР...

Ойын қызметі мен мағынасын бізге дейін де әлемнің сан алуан ғалымдары ой елегінен өткізіп көрді. Әлбетте, ойын туралы әлем ғалымдарының сонау Платоннан бастап бүгінгі жас ғалымдарға дейінгі зерттеулерін бір мақалада түгел шолып шығу мүмкін емес. Десек те ұлттық ойындар туралы жарық көрген, тақырыбы әр алуан негізгі еңбектерге көңіл аударуға болады.

Ұлттық ойындарды жинастырып, олардың түрлерін жікке бөліп, Ә. Диваев 1905 жылы 13 қарашада «Тургайская газета» және «Туркестанские ведомости» басылымдарында «Игры киргизских детей» және «Древние игры киргизской молодёжи» деген аттармен жариялады. Қазақтың ұлттық ойындарына мән берілген алғашқы ғылыми кадам ретінде бұл мақаланың маңызы жоғары. Казак ғалымдары ұлттық ойындардың түрлерін жинақтаумен, пайда болу тарихын іздеумен (*М.Гунтер*), олардың ережелерін анықтаумен (*М.Таникеев, Б.А.Төтенеев*), қалай ойналуы керектігін түсіндірумен, педагогикалық қырларын айқындаумен (*Е.Сағындықов, Б.А.Төтенеев*), және спорттық түрлерінің жетілу жолдарын зерделеумен (*Е. Алимжанов*), ианғи тәжірибелік қырларын зерттеумен айналысқаны болмаса, ойынның теориялық негіздерін іздеуді алабөтен қолға ала қойған жок.

Бұл ретте ғалым Кенжехан Матыжановтың «Ойын өмір» деп аталатын ғылыми-танымдық зерттеуін ерекше атап өтуге болады. Бұл зерттеуінде ғалым тұңғыш рет қазақша «ойынтану» терминін ғылыми айналымға қосады да әлемдік ғылымдағы ойынтану тарихына шолу жасай келе, теориялық негіздеріне мән береді, әдістемелік қағидаттарына көңіл аударады.

(Жалғасы 8-бетте)



Менгі лаулап жану үшін
ғаламда,
Үлкен бақыт табу үшін
ғаламда,
Үлкен болып қалу үшін
ғаламда,
Үлкен арман керек екен
адамға – деген өлең жолдарының
авторы, Қазақстанның халық
жазушысы, «Қазақстанның
Еңбек Ері» атағының иегері,
Қырғыз Республикасының халық
ақыны, ЮНЕСКО-ның «Боорукер
клубы» сыйлығының иегері, ақын
драматург Мұхтар Шахановты
Алматыдағы Зағип және нашар
көретін азаматтарға арналған
республикалық кітапхана
оқырмандары зор ықыласпен
қарсы алды.



Ұмытылмас кездесу

«Кайсар рухты ақын» атты мерейтойлық кездесу кешінің шымылдығын М.Шаханов жырмен ашып, махаббат, достық, тіл, адами қарым-қатынастар туралы ойларын ортаға салды. Өлендерінің шығу тарихы, өміріндегі елеулі оқиғалар мен тұлғалар туралы ой орманының тиегін ағытты. Шараны Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапханасы ұйымдастырды. Кеште Мұхтар Шахановтың сөзіне жазылған әндерді «Алатау» дәстүрлі өнер театрына қарасты «Армандастар» вокалды аспаптар ансамблі орындады. Кітапхана оқырмандары мен қызметкерлері өлендерін оқыды. Ақынның өмір жолы, шығармашылығы, кезең-кезеңімен қоғамдағы рөлі жайындағы бейнероликтер мен деректі фильмдер



Ойын және ойынтану

(Басы 7-бетте)

Қазақ ұлттық ойындарын таныту ұмтылыстарына да сараптама жасай келе, бұл бағытта біздегі теориялық танымның өлі бе болса баландығын мойындай отырып, өз тарапынан ұлттық ойынтанудың ғылыми тың тұжырымдарын ұсынады. Ол ойынның табиғатына тән мынадай ерекшеліктерді қазақ ғалымдары ішінде алғаш рет алға тартады: — ойын табиғат пен адам өмірінен бостан, еркін болады; — ойын күнделікті күйкі тірліктен, шынайы өмірден бөлек, биік тұрады; — ойындағы шынайылық жоғары рухқа ие; — ойынның өзіндік кеңістігі мен уақыт шеңбері (хронотоп) болады; — ойынның өзіне ғана тән құрылымдық тәртібі мен ережесі бар; — ойын тартыс пен тәуекелге құрылады; — ойынның мақсаты мен мән-маңызы оның белгіленген ішкі құрылымында болады; — ойынға қатысушылар ойынның болмысын ғана танытып қоймайды, ойын кезінде өзінің ішкі болмысын да танытады; — ойындағы біреуге еліктеу, киімдерін өзгерту мен беттерде тағуға ұмтылу жолдары өмірдегіден мүлдем бөлек болады; — ойын тектес қойылымдар көрерменсіз болмайды; — ойында болатын жағдаяттар мен

ондағы көрсетілетін мәселелерді көрермендердің алдын ала болжап, біліп отыруы шарт емес; Осындай ерекшеліктерді екшей келе ойын туралы: «Ойын, ешқандай экономикалық пайданы көздемейтін; күйкі тірлік қажеттіліктерінен ала, мақсат-мүддесі өз шеңберінде тұйықталған адамзатқа ғана тән әрекет түрі болып саналады; ол шартсыз және шарттылық жағдайда өзінше ойластырылған шынайылыққа негізделеді. Оның өзіне ғана лайықталып ерекше рухқа ие болған мән-мазмұны болады, ол өмір сүру мүмкіндігін өзі қамтамасыз етеді. Ойын — ерікті түрде қатаң белгіленген ереже бойынша белгілі кеңістік пен уақыт аясында өтетін тегеуірінді ішкі қуатқа ие құбылыс»,— деген қорытындыға келеді. Бұдан әрі ғалым ойындарды жанрларға, түрлерге, топтарға бөлудің әлемдік тәжірибесіне сүйене отырып, жалпы ойынды ірі-ірі екі топқа бөледі. Бірін «дәстүрлік ойындар», екіншісін жана заман жаратындылары болғандықтан, «жана заман ойындары», яғни «постдәстүрлік ойындар» дейді де бұлардың өздеріне ғана тән айырмашылықтары мен ұқсастықтарына тоқтала келе, олардың арасына «қытай қорғанын» салуға болмайтындығын айтады. Өйткені, жана заман ойындары уақыт өте, көнере келе дәстүрлік ойындар жағына табиғи түрде өтіп кетуі мүмкін екендігін ескертеді. Ғалым дәстүрлік ойындарды ғылымда бірде

«ойындық фольклор», енді бірде «ұлттық ойындар» деп атай беретіндігін назарға ала отырып, ұлттық ойындардың өзіндік сипаттарын айқындайды. Сөйтіп, ғалым Кенжехан Матыжанов бұл зерттеуінде қазақ ойындарын ғылыми таным теориясы қағидаттары бойынша зерттеудің әдістемелік негізін қалап береді. Иә, біз бүгінгі күнге дейін «ойын» дегенге атүсті қарап келдік. Бір әрекеттерді ұнатпай қалсақ, «баланың ойыны, баксының жыны» деп менсінбестік таныттық. Осы менсінбестік психология бізге әлем әлдеқашан бастап қойған «ойынтану» ғылымына мойын бұрғызбағаны рас. Қазақ ғалымдары ғылымның бұл саласына енді бет бұра бастады. Ойынтану дегеніміз — ойындық мәдениеттің теориясын мен тәжірибесі, сондай-ақ мәдениеттегі, педагогикадағы, психологиядағы, философиядағы және ғылымның басқа да салаларындағы «ойын» табиғаты туралы таным жүйесі. Біз енді қазақта ойынтану ғылымы бар деп нық сеніммен айта аламыз.

Сағатбек МЕДЕУБЕКҰЛЫ,
филология ғылымдарының кандидаты



БӘРИНЕ ОРТАҚ
ЖУРНАЛИСТИКА

Jas qazaq gazeti мен Chevron компаниясының бірлескен жобасы



Жобаның мақсаты – ерекше жандарды журналистика жанрларын меңгеріп, сауатты жазуға бейімдеу. Қазір журналистикаға құмар жандар компьютерлік сауаттылық, мерзімді баспасөз және тележурналистика бойынша дәріс алып, тәжірибесін шыңдап жатыр. Бұл жолы курсқа қатысушылардың «Менің өмірімді өзгерткен оқиға» тақырыбында жазған ойтолғамын оқырман назарына ұсынып отырмыз.

Дос таңдауда қателестім

Әр адам қуанышы мен қайғысын бөлісетін, өмірдің ауырлығы мен жеңілін бірге көретін досы болғанын қалайды ғой. Менің өмірден алған тәжірибемнің аз болғаны ма, әлде аңғал болғаным ба, сол жолы танысқан құрбымның өмірімді түбегейлі өзгерткенін сезген жоқпын. Алматыдағы ірі сауда орталығында жанадан супермаркет ашылған болатын. Мен ол жерде сатушы-кенесші болып жұмыс істеп жүріп Данагүл есімді кызбен таныстым. Екеуміз жақсы араласып, сырымызды бөлісіп, жақын құрбыға айналдық. Бір күні әлгі құрбым «жақсы бір жұмыс бар» шақырды. Данагүл жұмысын мақтап, айлығы да қомақты деген соң, құрбымның сөзіне сеніп, ол айтқан жерге баруға келістім. Алматының ортасында орналасқан төрт қабатты ғимараттың екінші қабатындағы кенесге келдік. Құрбымның бірге жұмыс істейтін әріптесі Q.Net деген компания туралы небір мақтаулар айтып, барынша қызықтыруға тырысты. Бұл компанияның желілік маркетинг екенін бұрын да естігенмін. Келісім бермей кетуге айналғанымда, құрбым жалынып, түскі асқа шақырды. Дастархан басында құрбым компания жайлы неше түрлі мақтаулар айтып, ақыры көндірді. Ақырында қалай алданып қалғанымды өзім де түсінбей қалдым. Мені алдап қана қоймай, менің атымнан 150 мың теңге несие рәсімдетті. Кейін алданғанымды білдім. Осы оқиға менің өмірімді түбегейлі өзгертті. Адамға сенбей, күдіктен қарайтын болдым. Бұл туралы өзгелерге де сабақ болсыншы деген мақсатпен жазып отырмын. Осындай жағдайға кез келген адам тап болуы мүмкін. Ең басты айтармын, алаяқтардан абай болыңыздар!

Ақниет ЖҮНІСБЕКОВА



Дұрыс таңдалған шешім

Қандай да бір оқиғаны бөліп айту қиын. Себебі, менің ойымша, өмірді оқиға емес, өзін таңдаған шешімдер өзгертеді. Мысалы, өзім туралы айтайын. «Бөріне ортақ журналистика» курсына қатысуға ұсыныс түскенде еш ойланбастан бірден келістім. Бастапқыда бұл курсқа тек жана тәжірибе ретінде қарап, өз мүмкіндігімді білгім келді. Қазір курсқа қатысып жүргеніме бір жарым айдан асты. Осы аралықта журналистиканың қыр-сырына біраз қанықтым. Бұл сала өзінің асқан жауапкершілігімен мені жаулап алды. Сабақ газет редакциясы мен «КТК» телеарнасында өтті. Курсқа қатыса отырып, мақала жазудың, сюжет жасаудың қаншалықты жауапкершілігі мол іс екенін түсіндім. Осы уақытқа дейін жаналықтарды жай ақпарат ретінде қабылдайтынмын. Енді олардың қандай еңбекпен жасалатынын көргеннен кейін, қазір оның қалай жасалғанын, қандай планмен берілгенін ажыратып отырамын. Қазір мен газеттегі мақала болсын, эфирдегі жаналық болсын, мағынасынан бөлек, құрылымына қарайтын болдым. Журналистің ақпарат беруде қандай тәсілдерді қолданғанын да ажырата аламын. Өткен сабақта «КТК» арнасының жаналықтар бөлімінің тілшісінен алғаш рет сұхбат алдым. Сұрақтарды дайындау кезінде қобалжығаным да бар. Мен журналистика курсына қатысып жүргеніме еш өкінбеймін. Қазір өзімді жан-жақты жетілдіру үстіндемін.

Айдана МЕЙІРБЕКОВА



Өзгерістен қорықпаңыздар!

«Бөріне ортақ журналистика» курсы мен үшін өте маңызды. Себебі менің жұмысым журналистердің жұмысына ұқсас. Кітапхана саласында 23 жылдан астам жұмыс өтілім бар. Мамандығым кітапханашы болғандықтан, оқу, ізденіс, мақала жазу — негізгі қызметім. Кітапхана ісі — ақпарат ағыны туралы ғылым. Мысалы, біз бір кітапты жарыққа әкелу үшін ол туралы ақпараттарды жан-жақты зерттеп, зерделеп, тіпті мұрағаттарды ақтарып, толыққанды мәлімет іздейміз. Сол сияқты «Бөріне ортақ журналистика» курсы да бізге көп нәрсені үйретуде. Мен жоба барысында мақаланы дұрыс жазу, тақырып таңдау, құрылым дұрыс құрау сынды нәрселерді үйрендім. Біз өткен сабақта «КТК» телеарнасында болып, бір сюжеттің қалай жасалатынын көрдік. Жалпы телеканалдың ішкі құрылымымен, ондағы әр қызметкердің жұмысымен таныстық. Курс барысында газет редакциясында мақала қалай жазылатынын үйренсек, телеарнада сюжет жасау үшін қандай әдіс-тәсілдерді қолдану керек екенін үйрендік. Курс менің жұмысыммен байланыса отырып, жана әрі тың дүниелерді игеруіме мүмкіндік берді. Білім алып, жана нәрсені үйренудің кеш емес екендігін дәлелдеді. Көп адам өзгерістен қорқады. Мен жана нәрсені үйренуден ешқашан қорықпаңыздар дегім келеді.

Эльмира ОРАЗБАҚОВА



**Бас редактор — директор
Срайыл Махатұлы СМАЙЫЛ**
Редакция алқасы:

Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Гүлнар АХМЕТОВА — экономика, нарық

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Мерген ТОҚСАНБАЙ—
Ақмола және Солтүстік Қазақстан
облыстары (8 701 312 39 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Нұргүл НАСЫР — Атырау облысы
(8 702 959 80 08)

Мөлдір КЕНЖЕБАЙ —
Шымкент қаласы (8 776 238 55 94)

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы
(8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Меншік иесі:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары
**Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ**

Бас есепші
**Расима
ӘКІМБЕКОВА**

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кенсе, 3-қабат
(*Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы*)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54. Тапсырыс — №1083;
Бағасы келісім бойынша

Таралымы — 5000 дана

*Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «AirAstana» әуежолының ұшақтарында бар.*

Jas qazaq gazeti «Қараан», «Хорошие новости плюс» және КОК TENGRI дүңгіршіктерінде сатылады

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2021 жылдың 03 маусымында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ68VPY00036247 куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.